

821.512.122

Б38

ЖҮЛДЫЗ БЕЙСЕК



Түскэр-Ғазал

821.512.122
Б38

Жұлдыз БЕЙСЕК

Іңкәр-Ғазал



ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ОККЖ

ИНВ.№ 78881

Нұр-Сұлтан 2020

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз.)

Б 38

Бейсек Ж.,

Б 38 Инкәр-Ғазал...: Өлеңдер жинағы. –
Нұр-Сұлтан. – 2020. – 156 бет.

ISBN 978-601-06-6284-1

«Инкәр-Ғазал» кітабында ақын Жұлдыз Бейсек табиғаттың тылсым гажайыптарын, туған жердің тамаша көріністерін, ауылдың бүгінгі кескін-келбетін, бейнесін һәм ғашықтық сезімді өлеңмен өрнектеген. Ақын өлеңдері оқыған жанның жүрек түкпіріндегі ұйықтап жатқан асыл сезімдерді оятары һак. Жылдың төрт мезгілін қазақтың кара өлеңімен кестелеп, ойыңызға ой қосып, бір сәт қиял әлеміңізді қытықтап, көңіліңізге дем береді. Аталмыш кітап көпшілік қауымға оқуға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз.)

ISBN 978-601-06-6284-1

© Бейсек Ж., 2020

Тұңғыш кітабымды хакім
Абайдың жүз өлеңін жатқа
айтып, әдебиетті жанындай
сүйген, құйрықты жұлдыздай
ағып өте шыққан аяулы
сіңілім
Іңкәр Асқарқызына
арнаймын.

ЖҮЛДЫЗДЫҢ ЖІБЕК ЖЫРЛАРЫ

Ақын Жұлдыз Бейсектің сезімтал жырларын сағыныш сәулелері деуге болатын сияқты. Оның туған жеріне арнаған тұнық жырлары бітпейтін махаббат пен таусылмайтын аңсаудан тұрады екен. Байтақ қазақ даласының кішкентай бір ауылында өзінің балалық шағын, балауса күндерін өткізген жас қыз дүниені сол кездің өзінде-ақ ақын көзбен көргені байқалады. Ол ауыл менің де ыстық мекенім еді. Бірақ айналамдағы әлемді, барша табиғаттың әрбір көрінісін дәл осылай кестелі қалпында ойымда ұстап қала алмапшын.

*Тербесе жапырақ жанымды,
Мөп-молдір шығым шашылды.
Асаға айтып әнімді,
Таласқа жугам шашымды.*

Ауылымыздың сыртынан Аса, Талас екі өзен ағып өтетін. Ағтары қандай әдемі. Біреуі арнасынан асып ақса, біреуі таласып, тасып ағатын. Жұлдыздың бір ғана өлеңінің жолдарынан сол өлкенің көркін көрдім. Ақын аз шумақтарға аспанды да, күнді де, ауаны да, желді де, жазықты да, өрді де сыйғыза алған.

Аса мен Таластың арасында асу-асу бел де бар, бұйра-бұйра құм да бар. Қызғалдақ тұнған қыр да бар. Жайлауы мен күздеуі, жусаны мен

изені, құрағы мен раңы, жұпарлы шөбі мен құлпырған гүлі, оған конған таң шығы түгел көз алдына келеді. Жұлдыз құмды жақсы көреді. Құмның құпиясын, құбылысын, әр сәттегі әртүрлі реңкін, тылсым кереметін ақын сергек қабылдайды. Оның құм жайлы өлеңдері сол жас күнінде жазылды ма, әлде кейін бе, білмейміз, бірақ жарқыраған күні, жал-жал құмы айрықша есте қалады. Ол есейгенде:

*Әппақ қарың ерімеді қолымда,
Қаңбақтарың жүгірмеді жолымда
Бақаларың секірмеді салымда,
Тасбақалар тәй баспады оңымда, -*

деп, балалық шағының бүгінде көрінбей кеткен көріністерін сағына еске алады. Туған жерінің суы мен нуын, жұлдызды түнін, бозторғайы мен бұлбұлы сайраған әппақ таңын... бәрін, бәрін сағынады.

Оның ауылында қалған анасына деген сағыныш жырлары бір бөлек.

*Құттықтайды жүгірген де, ұшқан да,
Көктем келіп дарығандай күш талға
Бүршігімен сүйіп әсем бетіңмен,
Қанатымен ән сыйлайды құстар да!*

*Бұлттар-дағы бар моншағы шашылып,
Кемпірқосақ көкжиекке асылып,
Ана, сені құттықтайды көк шөп те
Табаныңа төсетуге асығып.*

Жұлдыз өзінің анаға деген махаббатына табиғаттың таңғажайып шапағатын қосып, жыр бояуын күшейте түседі.

*Лақ қуалап, гүлден гүлге жүзгірген
Етегіне ошағандар ілінген
Саусағы да сұлу еді анамның
Туған жердің тікенімен тілінген.*

Анасының саусақтарына жат жердің емес, туған жерінің тікені батқаны да жанға жағымды.

Ия, Жұлдыз қызымыз Отанын, жерін өзінше сүйеді, өзінше жырлайды. Оның өлеңдерін оқып отырып сен де ауылыңды сағынасың. Сен де қайталанбас гүл дәуренінді есіңе аласың. Мүмкін жақсы ақын болу үшін бала кезінде көзің сұлулыққа, жүрегің қуанышқа қануы керек шығар. Ал, нағыз ақын болып қалыптасқан кезде, саған Ұлы Жаратушының жастайыңнан сыйлаған күллі нығметін аялап, шексіз ризашылығыңды білдіруің керек шығар. Қанатты өлеңнің кағидасы осы.

Жұлдыздың махаббат тақырыбындағы өлеңдері де біз айтып отырған мөлдір сезімге, жарық сәулеге толы. Ол туындыларын талдап жатпадық, оқырман өзі – қазы.

Жұлдыздың поэзиясы сондай әсем, сырлы.

Әйел ақынның бүкіл уақытын, білімі мен мүмкіндігін, жылтуы мен ықыласын өлеңге біржолата аудара алмайтыны айдан анық. Отбасы, ортасы, қоғамы қол байлайды. Осы себепті жас ақындардың ізденісін, іркілістері

мен толқыныстарын жақсы түсінемін, шумақтарындағы селкеуліктерге мін деп карамаймын.

Ақынның алғашқы жыр жинағында ойдан сезім, кемелдіктен балаңдық басым болса, ол дарынсыздық болып есептелмейді. Тәжірибемен келетін тапқырлық пен шеберлік алдағы жылдардың үлесінде.

Жұлдыз Бейсектің ақ жібектей жырлары кәусар тазалығымен, шынайы мейірімділігімен баурайды. Оның сөзбен сурет сала білетіндігі, сезіммен ой тұңғиығына бойлай білуі – шын талантқа тән айқын сипат.

Поэзия көгіндегі өз жұлдызын биік, өмірін ұзақ болсын, Жұлдыз ақын!

Күләш АХМЕТОВА,

ақын,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

АЛЛАҒА МАДАҚ

Жеті қат жер, он сегіз мың галамға,
Жеті қат көк, періштеге, бар жанға,
Толған ай-күн, жолда аң-құс, өсімдік,
Талдың бүршік жарғанына даламда.
Жердің асты-үстіндегі адамға,
Зілмауыр мұң, дертті-дертсіз заманға,
Дөңгелек жер, дөңге, ауа-райына,
Төрткүл дүние, табиғатқа, тажалға.
Алаңдағы қызыл-жасыл гүлдерге,
Айтары бар жұлдыз көзді түндерге,
Сырт-сырт еткен сағатқа һәм секундқа,
Соны соқпақ, тағдырдағы сүрлеуге.
Жылтыраған жалғанға да... біл, елес...
Байлық үшін батпаққа бат, жүз, егес.
Өмірің де сенікі емес, тақты қой,
Тәңір не барлығына! Біз емес!
Татып мұңды, бал рахаттың бар дәмін,
Сезіп күннің сынағын да, жалғанын.
Ақиқат сол – таза ауада тыныстап,
Дем аламыз рұқсатымен Алланың.
Хақты танып, жазылғанды жақтаңдар,
Сұрауы бар нығметтерде жатқан бар...
Жаратылған патшаның да құл басы
Жаратқанға жаусын сансыз мақтаулар!

Үйімнің түріп түндігін,
 Бар екеніңді сан ұқтым,
 Сәлеметсіз бе, бүгінім,
 Сәлеметсіз бе, жарық күн!

Жасанған сұлу аспанға
 Таңырқап карап тоя алдым.
 Маңдайға мынау жазғанға
 Шүкірлік айтып ояндым.

Адамын өкпе, реніштен,
 Қашанғы мұңға түнермін?
 Қайғы, уымды мен ішкен
 Жұлдызға шашып жібердім.

Жоктыққа жүйрік жетпеген,
 Кешірдім сатып кеткенді.
 Талдардың бәрі көктеген
 Бар мезгіл маған көктем-ді.

Не деген бақыт Құдай-ау,
 Аспан мен жердің арасы!
 Мәлтілдеп тұрған кім анау,
 Билеген бұлтқа қарашы!

Адалға дүние жақпысың,
 Ішсем де мәзбін жас катып,
 Бір жұтым ауа – тәттісің,
 Керегі жоқтай басқа түк!

Астамсып кеткен көкті де,
Құйыныменен қайыар.
Өспеймін деген шөпті де,
Аспанға ұсынып ай қылар.

Тәкашпарланған ізді де,
Топырлатқанда жоқ қылар.
Жайлауға жеткен күзді де,
Сағыныш сеуіп от қылар.

Қуырылып жатқан тарыдай,
Суырып жел де ұйтқиды.
Құм емес, жатқан сары май
Жолап кеткені піскей-ді.

Табаны басса пенденің
Топырақ сезіп бүлк етер
Биледім десе жерде кім?
Бүркеніп алып күлкі етер.

Қиғылық салмай, сары алтын
Сабырды сүйсем сарғайып.
Құм өзегінен жаралдым,
Қанға тартқанда бар ма айып?!

Иткөйлек кигізіп ақ күннен
Дала толғатып, құм туды.
Таудың бұлағын таттым мен,
Көмейде көркем гүл туды.

Тербесе жапырақ жанымды,
Мөп-мөлдір шығым шашылды.
Асаға айтып әнімді,
Таласка жуғам шашымды.

Көздерін ілмей караған
Күн ғашық өлке біздің жер
Жайлауына кеп жолаған,
Бакытты шағым бұл күн дер.

Киіз үйлі сұлу танымда
Жауқазын жапқан түз елін.
Топырағы бүлкіп қанымда
Құмда өскен мен бір қыз едім.

Босанғандай бұтақтарым бұр жарды
Қолын бұлғап тал шақырды құстарды
Тіршіліктің белгісі ғой
Оянды
Көктем - ана қолда деді ұшқанды.

Сәукелесін киіп алды сарғалдақ,
Қыр төсінде қызғалдақтар ән салмақ.
Қиыршық құм жел қуалап күлгенде
Ауыл дедім көктен түсіп қалған бақ!

Жер көрпесін имене ашты шөп керім
Көрді күннің қақ маңдайдан өпкенін
Күн құшады кара жерді жұмақ деп,
Жер елжіреп дем бердің дер көктегі үн.

Сай-салалар бозбаладай тебіскен
Жүгіргендей мал қайтқанда өрістен
Таудан аққан апам сынды сол өзен
Қолындағы бармен елмен бөліскен.

Бұлт – тостақтан шашу шашты аспан да,
Домбыра үні шықты жерді басқанда.
Үйіп едік, жылтырынан жинап ап
Көктеммін деп жазу жазды тастар да.

Балалықтың иісіндей таң лебі
Бұл ғұмырым, ғұмыр емес бал ма еді?!
Әр тал шашым раушан болып гүлдеп тұр,
Көктем-ана, құшағыңа ал мені.

Кірпіктерін әзер ашып шық жатыр
 Жарысуға дайындалып жылға тұр
 Жаңбырменен қауышамын,
 Алақай!
 Дег аспанға көтерілді қолшатыр.

Биші қыздай майысады жел сұлу,
 Бар даусымен күлер болды енді су.
 Қыр астынан бой көтерер қызғалдақ
 Күнге қарап сыбырлайды «мен – сұлу».

Жер-бесіктен басын созып өскіндер,
 Рахмет, ана, еңбегіңіз өстім дер.
 Жапырағымен билеп және сыр айтып
 Бойжеттім мен
 Құлағымды тестім дер.

Қар жылаған... сұрағандай кешірім
 Мейірімге ашық менің есігім
 Біреу маған талмай ұзақ қарады
 Көктем дедім,
 Көктем дедім есімім.

ЖАЗ

Жаз деді маған гүлдердің кірпік қаққанын,
Бұлғаған қолын бұлттардың мамық, әппағын,
Қанатын керіп құстар ұшатын шуылдап,
Жып-жылы ұясын, жасыл орманын тапқанын.

Жаз деді маған шөптердің күліп тұрғанын,
Мейір күймесі ат басын бізге бұрғанын.
Жақсылықтың мынау жаршысы болып тамшылар
Асығып келіп тереземді тез-тез ұрғанын.

Жаз деді маған гүл ғашығы деп шықтарды,
Ай сәулесіне малынып алып ұшқанды
Төбелер, ойпат, құмдар, жартасты оятып,
Қылтнып үстіне әнге сап әсем шыққанды.

Жаз деді маған бейнесін осынау даланың,
Аспан қыз әкеп жұлдыз – алқасын тағарын.
Жер де бір жігіт лүпіл қағады жүрегі
Аспаннан мүлде айыра алмай жанарын.

Боялды айналам мейірімге, мен де боялдым
Зымырап қашып қоймайды енді қоян күн
Кемпіркосақтай бейнеңнен көзімді алмадым,
Сұлулығыңа далам-ау, қайтіп тоямын?!

Шалғынды кешіп, жусанды сүйіп жататын
Жайлауым менің! Түнліктен таңы ататын.
Жазып бір келіп бейнеңді сенің ең сұлу,
Жаз деп бір тағы атыңды керім атадым.

Мен - Даланың кызымын!

Әкем - Аспан,

Анам – Жер,

Кикулаған құрағым, жаным – жусан, жағам – көл,
Шығын басып таңменен шаңырақтан шыққанда
Құрақ ұшқан байтағым өзен – жеңгем, ағам – бел.

Күлкі ойнаса жүзімде кызғалдақтар бір шығар,
Домбыраны шерткенде шелпектей боп

күн шығар,

Қатуланса қабағым тал бұтағы мың сынар,
Жерді сүйген жүректің әр саусағы гүл шығар.

Сағындым деп сыр шертсем шок лап етер

жалынды от,

Бұлақ бұлк-бұлк ағады қамықпа мен қаның деп.
Бұл дүние менде бар, мен – Дүниенің ішінде
Айырмандар өлкемнен, Даласыз түк Жаным жоқ.

ҮШАРАЛ

Біздің ауыл – тамаша ауыл ағасы,
 Жомарттық пен қанағаттың арасы.
 Толқынымен көзді арбайды ғажайып
 Аса менен Таласымның жағасы.

Аспан гүлдеп айтар сұлу таң барын,
 Тіріледі құмға сызып, салғаның.
 Көрсет десе жердің жайлы, жұмағын
 Осы ауылға түсер еді таңдауым.

Ақкесене, Көккесене – айбарым,
 Тарихты айтып толғанады жан-жағым.
 Бір Алла деп қос қолымды жаямын -
 Ақдегелек ұясындай жайғаным.

Жайлауында бабам келе жатқандай
 Төбелері тақияға үкі таққандай.
 Көк аруы аспан-көзден қос тамшы
 Аса, Талас жарыса кеп аққандай.

Құмын Тәңір шашу етіп шашқандай,
 Мойынына тұмар етіп таққандай.
 Көзің тоймас келбетіне қарасаң,
 Жаңа түскен келін сынды ақмаңдай.

Қойнауында тарих бұғып жатқандай,
 Оқылмаған, табылмаған хаттардай.
 Ауыл жайлы ойларыммен жылынам
 Апам үйге отын әкеп жаққандай.

Арғымағы ауыздықпен алыскан,
Әжелері киіз басып жарысқан.
Қарт атасы балдағына сүйеніп
Алдын тосқан бала келсе алыстан.

Ат тұяғы шаң боратып соңынан
Қиқулаған дауыс шығып оңынан.
Әкелер жүр көкпар тартып атойлап
Қара қамшы өсіп шыққан қолынан.

Аналары нар қымызын сапырып,
Даярлайды қонақ келсе ақырып.
Күбі пісіп, құрт жаятын көп қыздар
Әлек асқа көршілерді шақырып.

Ақ білегі әппақ сүтке малынған,
Жеңешелер қайтқан шақта сауыннан.
Етегіне жармасады көп бала
Саусақтарын сорып қаймақ жағылған.

Қара қазан құты болған қара үйдің,
Қара таба – нұрына оны балаймын.
Қара шаңырақ – маған ыстық Отансың,
Жұлдызың бөп аспанына тараймын.

Жиылады бәрі оттың басына,
Домбырасын алып әкем қасына.
Әгугәй деп әуелетіп өскенбіз –
Бақыт деген осы да! Ауыл деген осы да!

Сәулен жүрсін көзімді жарық кылып,
 О, Үшарал,
 сағынттың зарықтырып.
 Жидегінді аңсадым, камысынды
 Қадіріңді күн айтып, таң ұқтырып.

Төбен тұрар ой толқып кеудесінде,
 Бұдақ бұлттар шүйлігіп төнбесін де.
 Кеудем толы сағыныш әуендері,
 Келші, далам, желіңмен шертесің бе?!

Найзағайым бармын деп күркіреген,
 Кекілді қыз келсе деп күн тілеген.
 Мен атаңның көзімін деп тұрғандай,
 Қызғалдақтар қып-қызыл үлбіреген.

Уақыт көшер әндетіп сал, жалған - бақ,
 Жер үстінде мейірім... сол арман қап...
 Сары алтын қып сақтаған жүрегіне
 Сағынышын төкті апаң дер сарғалдақ.

Сөйлеп тұрар шөптер де жерді ұға алсаң,
 Тасы – шипа бір түйір, ем қыла алсаң.
 Қаны тамған атаңның дәнегіме
 Қызыл түске боялдым дейді раушан.

Шық айтады бұтақтан ұстап білек,
 Мен көрдім деп өзіне ұқсас жүрек.
 Жаланаяқ таң ата жүгіретін
 Табаның ақ апаңа ұқсапты деп.

Естелікке толы өлке, Ұлы Далам!
 Сенен алыс көңілім жылымаған,
 Сені аялап өтуге туылдым мен,
 Сүйіп өту - өмірдің құны маған!

Жел, сенің жетегіңе кеттім еріп,
 Тірітпші тамырыма от жіберіп,
 Мен сені сағындым ғой, құтты мекен,
 Құмыңды, қаңбағыңды төкші келіп.

Сілкіле, боран болып зәремді алғын,
 Жасасын қазан асып бар ел салтын,
 Құмдарың көзге кірген қандай рахат,
 Жанарын жаутаңдатып әлем қалсын.

Сабашы жыңғылыңмен қой демейін,
 Мен сенің сыйыңменен емделейін.
 Дауылың кетпесінші жанымнан еш,
 Желіңді жаным дейін жел демейін.

Жолыңда балалығым жүгіреді,
 Жете алмай аяқтарым бүгіледі.
 Желаяқ түссіз желім, ұстап берші,
 Жеттім-ау десем көзім ілінеді.

Жармасып етегіңе самалыңның,
 Сексеуіл аяғына оратылдым.
 Құдай-ау, қайда екен жеткіз мені
 Исіне гүлдеріңнің тоятын күн.

Табанымды ыстық құмға қыздырып,
Жалаң аяқ кешіп келем шалғынды
Кең жайлауға аңсап келсем, үздігіп,
Маған қарай жүгіреді таң нұрлы.

Мен сүйсінген, құмартқан бұл атырап
Жағалайды жанымға кеп жантақтар
Жел жетектеп келеді, әне, жапырақ
Құшағыма асығады қаңбақтар.

Бидайығым, ебелегім, күренсем,
Адыраспан, жусандарым, раңдарым.
Иісінмен жанды емдедің түнерсем,
Сендерде ғой күш-қайратым, бар нәрім.

Көтерілді кеуде жақтан сан шаттық,
Бақбағыңнан шашыма әсем гүл жасап.
Дауыл тұрып құм суырса бал таттық,
Шенгелің мен жыңғылдарың – бір ғажап.

Қызғанғандай қызыл-жасыл көп гүлден,
Табанымды қытықтайды ошаған.
Маңдайымды тигізуге келдім мен,
Тақтайына оттан ыстық босағам.

Бесігімде бөпем ғой деп бөлеген,
Мен сағындым қарттарымды көреген,
Жүрегіме бастым сені керегем,
Жанардан жас сырғанады, о, неден?

Әрбір шөбің сыбырлаған, жылаған,
Әр жел қайда кеттің дейді, сұраған
О, ауылым, сенен кетсем – құлағам,
Мен құламау үшін мәңгі тұр аман.

ШІЛДЕ

Самаурынның шайындай, әй, шілденің аптабы
Қызыл тілде қуырылып шөлдің ұзақ жатқаны.
Будақталып кернейден ұшқан түтін мұрынды
Қытықтайды, түртеді - бұл ауылдың ақ таңы.

Мөңіреген бұзаудың мойнында еді әуенім,
Сексеуілдің шоғымен шәйін ішкен жан едім.
Туылған ай қылтиса көктің жыртық жерінен
Атып тұрып орнынан апам берген сәлемін.

Қара қазан ішінде әппақ сүт бар пісетін,
От күзетіп күтіп тұр бала сүтін ішетін.
Қара ошақтың ішінде жыңғыл - жылқым туласа,
Шілде деген мен оттың ішіне кеп түсемін.

Маңдайымнан мұнша тер бұрқ-сарқ етіп шығар ма?
Сәлем айтшы ошақта бұрқылдаған құманға.
Шілде деген бір шебер тенестірді тең етті
Мойынынан тері аққан самаурындай сыңарға.

Толдым ғой деп жемістер бұтақтардан бұлқынды,
Ызындаған көп шыбын алып бітті ұйқымды
Топырақта жүргеннің бір бүйірі бұлтиды,
Пісіретін барлығын шілде күні сиқырлы!

Құмға піскен қауынның бір тілімі балдай-ақ,
Қақ жарылған қарбызды, әңгелекті қармай ап.
Күн мен жердің ортасы құт мекеннің өзіндей
Шілде, сені көргендер ең бакытты жаңдай-ақ.

Ауылдағы төбемнен барлық таулар аласа!
Шілдетерге малынып жүрген қандай тамаша!
Шілде оты қайнатты қанымды хәм суымды
Өзгертеді сені де, егер шілде қаласа!

Күркірінен аспанның тітіркеніп қозғалдым,
Түтінінен ошақтың айтшы бар ма озған кім?
Күн жеп қойған күркеде құрт жаямын сүзбені ап,
Жаңбыр қолын созады мен қолымды созған күн.

Е, бұл жаңбыр жаумады, сіркіреп я қоймады
Құмырсқалар қуанып құм лақтырып тойлады,
Жүнді алып ширатқан апам кенет ойланды,
Ойдым-ойдым ойлардан тесіледі-ау оймағы.

Бұлт жайлаған көк зеңгір түртіп қалсам жауар ма?
Күннен қашқан кейпіме, сірә, бұл сәт дауам ба?
Ұршықты отыр иіріп
Қайдан келген жіп деймін?
Бұлт ұшынан тартыпты, кім дейсің бе? Апам да!

Көк тұрғанда ап-ауыр, мысы басып күлмеген
Мырс етті кеп апам гой осы ма екен нұр деген,
Ошағынан ауылдың бықсып, бұйра шығатын
Е-е бұл түтін, бұл түтін аспан барған бұлт екен!

Аптап ыстық түскенде жөткірінді аспаным,
 Аспан, сенің тамшыңды басқаным жоқ, баспадым.
 Егістікке су құйып жатқаныңды көрдім мен,
 Еріндің-ау шамасы, төгіп бір-ақ тастадың.

Су ағады шатырдан, тарсылдатып үн қатып,
 Шатырды да акын қып, шарбақты да жырлатып.
 Үндемеңдер! Шыдаңдар! Аспан бүгін сөйлесін
 Жә, жүрмесін көрсетіп найзасымен тыңдатып.

Тамшы өленің көгімнің көтереді ағаштар,
 Мен де тұрмын бұ жаңбыр не жазар деп қағаз – хал.
 Хоштап тұрмын жүрекпен сендегі әрбір сезімді
 Маған емес, тек саған ақын болу жарасты ал!

Көтере алмай тармақты дір-дір етер жапырақ,
 Үзейін деп ұмтылды жел қолымен бақылап.
 Жаңбыр жауып біткені – жыр нүктесі қойылып,
 Менің аулым өленге балқып-шалқып жатыр-ақ!

Қара жер ананың омырауын емгенде,
Кіндігім байланды бауыр боп көлмен де.
Тамырым бүлкілдеп теңізде, құдірет!
Бұны ешкім түсінбес! Сен менде - мен Сенде!

Жүзімнен жүз бұтақ қол созды бұлттарға
Жанарым мөлдірін сыйлады шықтарға.
Аспанды жамылып талдан нәр аламын,
Таза ауа жетеді сусындай ұрттауға.

Гүлдердің шаштарын өремін өзімдей,
Талас та Аса да көл емес, көзімдей.
Сарыарқа бойында соғатын боран да,
Егілер ешкімге керексіз сезімдей.

Саусағым тамыр боп жер астын кезгенде,
Тауымды қопарып кеткенде төзгем де
Құйын боп қиқулап, дауыл боп долдандым,
Халімді жеткізе алмаспын сөзбен де.

Көзімнен шыққан жас құмға кеп сіңгендей,
Құлаймын қойнына түн тосып, білгендей.
Табиғат күледі тау – мұрны делбиіп,
Түнекті түргендей, шын өмір сүргендей.

Көңіл деген көк дөнен шабатұғын,
 Шауып бара жатады бала күнім.
 Қандай жақсы сіз бенен біз секілді
 Құлпырады көз тартып дала бүгін.

Асыққандай бәйгеге балдәуренім,
 Жауған жаңбыр шөлге кеп – алған демім.
 Өте шығар түстей боп, тым тәтті боп,
 Бал қосқандай ғұмырды жалған дедім.

Айран, сүттей тым әппақ пейілдегі,
 Жандар бәрі - аулымда, үйімдегі.
 Ашуланып тұрғанда бұлттай олар,
 Жаңбырдан соң Күнге ұқсас күлімдеуі.

Қозы-лақтай секірген балғын күндер,
 Сүйемін деп айтуға жаным үлгер.
 Қырға шығып көз салсаң табиғатқа
 Әр күнің боп жарқырап – әрбір гүлдер.

Күбідегі айрандай шайқайды өмір,
 Сары майдай сөз қалар айтар небір.
 Қу таяққа жармасқан күн туса да,
 Қартаймайтын күңдей-ау айхай көңіл.

Киіз үйі қасиет кие қонған,
 Шаңыраққа карт шешем не болған.
 Ат үстінде қалғыған аталарым,
 Елін сүйген ерлерді сүйеді Аллам.

Құстарындай самғасам, биік ұшсам,
Қайтар едім ауылға бұрылыстан.
Арманын жоқ болар-ды бұл өмірде
Саған қымбат жандарды жиі күшсаң.

Өрістегі мал иісі – менің иісім,
Бау-бақшада, балдырда, көлімде иісім,
Туып өскен аулыңды өскен сайын
Сағындырған тағы да өмір дейсің.

Түнімен жауған жаңбырды-ай!
Жапыраққа келіп түнеген
Талқыға түскен тағдырдай
Ұқсаттым екен кімді мен?!

Жаңбырдан кейін тыныштық
Қырларда жаным жәй табар
Туған өлкем-ай ырыс құт,
Гүлдерін өпсем жайқалар.

Ауылым менің жел, шаңым
Шенгелдерім-ай, жыңғылым,
Өзге өлкенің раушаны
Сексеуіліме жетпей тұр бүгін.

Айранын тосып аузыма
Жадырап күні шықса да
Іздедім сені таусыла,
Іздедім шығым тұнса да.

Сендерден бөлді сол қиын
Кеш, кетсем күңіңе жылыңбай
Табаным бассам толқитын
Қиыршықтанған құмын-ай!

Жанары жасқа толып ай,
Ақ сүтін төккен жолыма-ай!
Туған жер деген осы ма?
Туған анаңдай, о, Құдай.

Анам күтіп тұрған шығар төбеде
Жасын сұрт, жел, көре қалсаң «келер» де.
Жанында жүр, ақмаңдай ай, кешқұрым
Шенгелдердің қоңырауын терерде.

Туған жерді бүгін, ертең... көрем бе?
Талбесігің тыныштыққа бөлер ме?
Түсімде мен көктем-қызбен той тойлап,
Үй ойнаймын, құмды екіге бөлем де.

Лақ қуалап, гүлден гүлге жүгірген
Етегіне ошағандар ілінген
Саусақтары сұлу еді анамның
Туған жердің тікенімен тілінген.

Саған қарай қадам басып келемін
Бақылайтын бойшаң аға - терегім
Көбелегім қонбай әуре ететін,
Еркелетіп илетін еменім.

Сүйемін-ау, құм суырар дауылын
Құмнан моншақ таккан менің ауылым.
Шалқып кетсем құшағыңда күндей боп,
Бір ніскемей кетпеуші еді жауының.

Бақбақ гүлім, бәйшешегім – құмарым,
Сендерді өппей сағынышқа құладым.
Топырағыңнан тойып ішкен қызың ем,
Шаштарымнан жусан аңқып тұратын.

Киелі ғой сенде жатқан тас-дағы
Шақырады мөлдірліктің аспаны
Қанша уақыт ауаң мені құшақтап,
Күнің алтын сәулелерін шашпады.

Әппақ қарың ерімеді қолымда
Қаңбақтарың жүгірмеді жолымда
Бақаларың секірмеді солымда,
Тасбақалар тәй баспады онымда.

Күлкім еді - сылдыраған бұлақтар
Жасыл шөбім жайлауым ғой тұрақтар
Мен келгенше жанында боп анамның
Жарық етші жолын жұлдыз – шырақтар.

(Әні бар)

Ағатын толқып, шалқып Таласы бар,
Бұлақтай мөлдіреген Асасы бар
Үшарал – құтты ордам, кең жайлауым,
Абызды, ақсақалды данасы бар.

Көркіне көзің тоймас даласына,
Төбесі, беткейлері жаңа шын, ә?
Қыздырар табаныңды қызыл құмы
Бақ болған қазағымның баласына.

Мекенім асыр салғам құшағыңда,
Желдерің – қанатым да, ұшағым да.
Жеріңнің әрбір гүлі ән сап тұрған
Демалам жусаныңды құшамын да.

Сәукеле киген сұлу арулары,
Сәйгүлік мінген сері бар ұлдары.
Мәуелі ағаштары – әр көшеде,
Нұр берген, жеміс сыйлап жауындары.

Киелім, қасиетті Үшаралым,
Бозторғай, бетегеңнен күш аламын.
Жусаның, жиделерің, жайлауыңды
Сен берген дархандықпен құша аламын.

Долы дауыл ұшыр мені
 Жеткіз есті еліме.
 Жеткіз мені түсімдегі
 Балдыры шулар көліме.

Қолтығымнан қыса ұстап
 Қондыр жайлау - төріме...
 Мені ұмытты қуаныш, бақ,
 Дос боп қайғы, шері де.

Балпандаған құлыншағым,
 Төрт түлігім төліне.
 Қозыларым - ұрыншағым,
 Еркелейін жеріме.

Шалғыныма бір сүңгіін,
 Шығып асқар беліне.
 Көгіме ұшып, күн сүйейін,
 Сүйдіртейін сені де.

Майда қоңыр құмдарыма,
 Аунап-қунап алайын.
 Бал-балалық жылдарыма,
 Бала болып барайын.

Қарт атамның иісі сіңген
 Қараша үйде қалайын.
 Тал бойыма күй сіңірген,
 Домбырамды алайын.

Сезіп жылуын алақанның
Жат күйімді жеңейін.
Күн иісті ақ апамның
Суын тасып берейін.

Мына дүние боянса екен
Таңда құсым шырылдап.
Мені әйтеуір оятса екен,
Түнліктен күн қытықтап.

Тараздың топырағына жата калып,
 Аунасам еркелесем карама тік.
 Шөптері ернін тістеп сыбырлаған,
 Бақбағы көйлек тігер маған анык.

Тікені жабысады тартып тынбай,
 Бұлттары болысады қалқып тұрмай.
 Аспаннан жел қолымен сүзіп алар,
 Бір қызын көкке ғашық шалдықтырмай.

Жан-жақтан мұңын айтар, сырын айтар,
 Тараздың түндеріне тұнып ай - қал.
 Бар дүние шуылдайды мен келгенде
 Таластың толқындары мұңы байқар.

Ұшырып бақбақ гүлді, кептерлерді,
 Сөйлетіп кеткендерді, өткендерді,
 Жиып ап уақыттарды тілін бұзып,
 Шақырып көктемдерді, көк пен белді.

Құрамыз бір құрылтай жаһанда жоқ!
 Сұрақтар әуеде ұшқан санамда көп.
 Найзағай суырып ап сырға қылдым,
 Байлығы туған жердің маған ба деп?!

Асаға салып қойып жұлдызымды,
 Басайын күнім сенің күн де ізінді.
 Құшақтап жатасың ба? Еркің білсін!
 Сағынған шығарсың-ау, түн, қызыңды.

ТАРАЗ

Мен Тараздың топырағында жүремін,
 Шаһарым, түн шалмаған ренім.
 Қабырғама канат жалғап сен тұрсаң,
 Күлкіме күн қондырып ап күлемін.

Ғасырлардың кеудесінде күмбірлеп,
 Маңдайында уақыттың жанасың.
 Ақынынның жүрегі боп бүлкілдеп,
 Анашым боп әлдилейсің Таразым.

Мен Тараздың топырағында жүремін,
 Жиһанкез боп жаһан кезіп кетсем де.
 Басым сенен үлкен емес, өленім,
 Өмірімнің жұмбақ кілті – тек сенде.

Қойнауынан суырып ап жылдардың,
 Жаңғырығын тыңдап, ойын теремін,
 Аспаныңа сусап ұшсам - сұңқармын,
 Топырағыңа күмп еткенде – төбемін.

Қолым созсам зау көгіңе Жұлдызбын,
 Бұлттан ақсам мөлт ететін тамшыңмын.
 Құлагердей шапсам мойын бұрғыздың,
 Е, күдірет, қасиетін-ай қамшыңның!

Ойымнан пәк, жаннан қымбат Шаһарым,
 Шартарапқа есімді атадым,
 Өзге жерді басып жүрсем де, ойда -
 Жусаныңа басым қойып жатамын.

Мен кішімін туған жер оттарынан,
Жаралғанмын түйіршік шоқтарынан.
Бұл басымды қымбат деу – бекершілік,
Сағыныш боп мөлт еткен бақбағынан.

Құмы менен көнелеу тастары да,
Мән берменіз елеусіз жатқанына.
Бір ысқырып, дауылды шақырып ап,
Апарады балалық шақтарыма.

Аққан суы - сиқыршы емдегендей,
Тамшысынан шөлейт те өлмегендей.
О, күдірет, шалғайға алыс кетсем,
Аласұрар жүрегім шөлге көнбей.

Лунап түсіп төбесі, көк белінен,
Қара қазан қайнатқан отты еміп ем,
Соңғы жасым – гүліне шық боп қонсын,
Соңғы демім – билесін көктемімен.

Мамыражай сұлу көктем, бұл көктем —
Жердің бетін бір-ақ сүйіп гүлдеткен
Мұңлы жүзді күлдіртуге құмар-ақ
Мейірімді еді біздің күн неткен.

Бұтақтардың бүршігінен шыға мен
Ауа сызып, жерге қарай құлап ем.
Күлте кірпіктерді бояйм дегені -
Табанымның астындағы бір әлем.

Қолдарымды созғым келді бар талша
Саусақ ұшы саусағыңмен жалғанса
Сен сонда кеп маңдайымнан сүйсең ғой,
Тұра берер ме едім солып қалғанша...

Кел, келе ғой көктем менің қасыма
Бір қасық күн салып берші асыма.
Махаббаты ағыл-тегіл сиқыршы,
Бір үзік гүл тағып кетші шашыма.

Құлағымда жылтылдайды жанып ай,
 О, туған жер, қалма мені танымай
 Көгіңдегі жұлдыздарың көзімде
 Тұрып алды секілденіп сары май.

Жетсем-дағы сәл есейіп кешігіп,
 Аспаныңнан кара бұлтты өшіріп,
 Жарқ-жұрқ еткен найзағайды суырып
 Жанарымның жарқылына көшіріп,

Алайыншы айдынына бір сүңгіп,
 Маған – өлең, саған – егіз жүрсін құт.
 Сакалыңды тарап берген салалап,
 Бір сәулелі қыз екенін білсін жұрт.

Шалғын біткен кеңес қылып әуре еді,
 Төбе деген сәл аласа тау ма еді.
 Асау желің құшақтады тым қатты,
 Өлтіре ме, о, туған жер, кайтеді.

Жақұт мекен, жайлауыңның бал іші,
 Бойымдағы бәрі сендік танышы.
 Жүрегімнен шығып жатқан көп жазу -
 Майда-майда құмдарыңның дауысы.

ЖАҢБЫР ҚЫЗЫ

Жалаң аяқ жүгіремін саз кешіп,
Жандүниеме жазықсыз сәт ән көшіп.
Жабырқаулы көңілімді сыздатқан
Жапырақтар жылап жатты жаз десіп.

Жуындық деп мәз болады көп белдер,
Жасын сүртіп жымияды көк шөптер.
Ағаштардың бұтағына қонып ап,
Тамшыларды санап отыр өкпек жел.

Жаңбыр жауса қуанатын мен ғана!
О, тамшылар жүгір барша жерді ала!
Құшақтаңдар қалған шығар сағынып
Бұртиып ап жатқан дара көлді ана.

Шаштарымды су-су қылып жүгірем,
Солған гүлдей суын ішкен тірілем.
Кең дүниеге көзім тоймай қараймын,
Жан рахаты үшін жасап мұны мен.

Бір гажайып күйге енемін қауышсақ,
О, тамшылар, кім женеді алыссақ?!..
О, дариға, сақта мені есіңе,
Мен - жаңбырдың қызы болам, таныссақ!

БАҚБАҚ ГҮЛІ

Мамыр айы. Кішкентай күн тола бақ,
Мұндамын деп жылт етті гүл домалақ.
Күлтелері ән салып тұр шақырып,
Гүлі сөйлер жер жаһанда жоқ алап!

От сияқты тостаған гүл, бақбақ гүл,
Өсіп шықшы тал бойыма қаптап бір.
Бір тал гүлің берші маған қояйын
Жүрегіме сені өсіріп сақтап жыл.

Көктем күзді саған шашып қойғандай,
Тым алыстан жарқырайсын аймаңдай.
Құшағыңа тығылғым-ақ келеді,
Сенде от бардай, күллі-әлемнен тонғандай.

Сағыныштың гүлі ма едің, сары гүл,
Жабыркаған көңіліме дәрі гүл.
Саған жазған өлеңімнен, өзімнен
Сен сұлусың бәрібір!



Сен жердің кекілі ме ен,
 Жасыл шөбім?
 Жұпарын жан балқытқан асыл дедім.
 Шашыңнан иіскейін жата калып,
 Алсыншы көк те тыныс, ғасыр демін.

Қаулап бір көтерілер жер бетіне,
 Жаздағы сұлу бейне сен көбіне.
 Қимылың саз ойнатты жүрегімде,
 Кеттім мен бақытты боп тербетіле.

Жұлдызың сиқырынды білді бүгін,
 Құшақтар жауып алып түн түңлігін.
 Елемей ерек болып күлім кактың,
 Жұтсаң да дүниенің шу, дүбірін.

Сауынға шыққан ана көбі мұңды,
 Қорысам ызындаған шыбыныңды,
 Апамның қытықташы табанынан,
 Бір тарап өріп берсем бұрымыңды.

Тікенің елемеймін кірсе кірсін,
 Біздерге қарап тұрған күн семірсін.
 Жұлдыз бар, қараңғылық не тәйірі?
 Пердесін алысқа алып түн шегінсін.

Шаттығын шөптерімнің құйып алдым,
 Жүрекке тостағы бос бұйырған күн.
 Жастықтың жадыраған шағындай жаз,
 Мен бүгін шөп бетінен сүйіп алдым.

Шөптер кеше кешкісін хабар алды,
 Бір үмітім ұяда балалады
 Көйлектердің етегі тербеледі,
 Кемпіркосак түстері ағарады.

Ие болып көбелек жүлдесіне,
 Қонғым келді сарғалдақ күлтесіне.
 Сүйіп тұрмын өмірдің қос бетінен,
 От тұтатып ой - шамның пілтесіне.

Қырықпай-ақ қанатын инеліктің,
 Көленкеде күңіренді күрмеліп түн.
 Жаз дегенің мамырда ұшқан құстың
 Түсіп қалған аузынан сый деп ұқтым.

Су перісі бір сүңгіп, бір көрініп,
 Сілкінгенде жайлауға гүл төгіліп.
 Күннен қорыққан адамдар! Күн қарқылдап,
 Көз шырымын ала алмай түн егіліп.

Бар жұлдызын тартып ап көктегі елдің,
 Шаһар шамы, жарықпен өктем едің.
 Ақ бұлт болды ыстыққа күйгендерге
 Ақ жанымнан суырып көктеп едім.

Күледі де қыс тоңып көп құлаған,
 Керуен бұлтқа хош айтып бек қуанам.
 Жердегі елге жаз мейрам серік болсын,
 Жаз дегенің мен үшін тек бір адам!

Шатырына үйлердің құстар жиі санғырды
 Күбі піскен жеңешем жау жаңбыр деп ән қылды.
 Ат үстінде күй тартып, домбырасын бір шерткен
 Малың баққан өрісте атам даусы жанғырды.

Саптыаяқты дөңдегі құс тұмсығы теседі,
 Желден жеткен хабар-ау, су жоқ онда деседі.
 Қорғамак боп ыстықтан кіп-кішкентай өскінді
 Қарағаштың бұтағы жапырағын шешеді.

Мөлдірлігін апама сыйға беріп шықты алап,
 Көзіңді ашсаң күн тұрар бақырайып тік қарап,
 Дастарханға жүгірген құмырскасы, арасы,
 Жарық қуып ұшатын көбелегі - құт қонақ.

Шанқобызда ойнайды шыбындары ауылдың,
 Құлақ тұнып ызыннан қолды сілттеп, ауырдым.
 Шыбынға жақ сәуле де, көзін қысып қояды
 Ақ бас бұлттың артынан қиялдағы жауын күн.

Құрғаған жер! Күн-патша сауық-сайран құраршак!
 Су себемін аулаға шөлдің иісін бір аңсап,
 Жасыл шөбі сарғайып, қурап тұрған егін де
 Сұрамайтын ештеңе біздің ауыл – ұялшак!

Шам ішінде жанады от шыны бойлап маздаған,
 Жымынып бір карайды шымылдықтан жаз далам
 Көлеңкесін баспайтын, асықпайтын-саспайтын
 Ұялшактан туылған не айтасыз ал маған?!

Қара бұлт, сен ақ едің жаралғаннан,
 Қара ойды тартып алдың адамдардан,
 Жылайсың, күңіреніп көтере алмай,
 Кеткенсің көңілішек боп алаңдаудан.

Желден де жүйрік туып озған атың,
 Секундка сыр алдырмай қозғаласың.
 Қараңғы басқан шақта мені ұшырар
 Ақ бұлттар - арда туған қос қанатым.

Үстіне жасырынып бөз жабатын
 Бұл адам – тілден шыққан сөз болатын.
 Аспанның дидарында ойнақшыған
 Бұлт көктен карап тұрған көз болатын.

Қағазға қадірінді кестеледім,
 Ойлама жоқ деп менің еш керегім.
 Тұншықпай жасыңа әбден төгіп жібер,
 Тосайын етегімді бос келемін.

Адамдар, сезер дейсің, біледі не?
 Ғұмырды өзіндей боп сүреді ме?
 Сен кара болсаң-дағы ақсың маған,
 Даланың бөтені жоқ жүрегіме!

ВАЛЬС

А-ха-хоу...

Гүлдер әнін шырқады...
Жанарымды аялап,
Кеудемді саялап,
Жүрегімді мәпелеп,
Жел жүзіме нұр әкелді.

Қайырмасы –
Бұрымым
Ауада қалықтап,
Қиялым шарықтап
«шырыным,
шақырды, кел» - деп
Ұршықша айналдым, ұшырды
бөбегіндей тербеп.

Тотыдай түрленген құсыңмын
Үшарал желіне
Қолымды ұсындым.
Гүлдер әнін шырқады:

А-ха-хоу.

Жусанды жерім жайқалды, бәлкім,
 Бетегелі елім айбарлы, бәлкім,
 Атан түйелер боздап бір келіп,
 Боз далаға әнін қайтарды, бәлкім.
 Айдыңға қарап ай толды, бәлкім,
 Ауамен таза сай толды, бәлкім,
 Сәйгүліктерім кісінегенде
 Аспанның үсті шайқалды, бәлкім.
 Көзіме теңіз толады, бәлкім,
 Өзіңсіз сағыныш болады, бәлкім,
 Ақ дегелегім айналып ұшып,
 Ұясына жылы қонады, бәлкім.
 Балдырлы көлім тулады, бәлкім,
 Қамыс-құрақтар шулады, бәлкім,
 Менсіз әлемді көргісі келмей
 Терезесін үйім булады, бәлкім.
 Қарияларым азайды, бәлкім,
 Бұлттарым ойдан масайды, бәлкім.
 Қайырған қойын жас бала құмның
 Үстіне жазып жаз ойды, бәлкім.
 Апам да жылмен қартайды, бәлкім,
 Қарағаш шаршап жантайды, бәлкім,
 Өреге жаңа жайылған құрт та
 Сені күттім деп сарғайды, бәлкім.
 Үйім де мені сұрады, бәлкім,
 Шыбынын өзге қумады, бәлкім,
 Сатылмай тұрған бөлмелер ескі
 Еденін ешкім жумады, бәлкім.
 Жиылып бәрі айттады, бәлкім,
 Апамның көзі тартпады, бәлкім,
 Кітапты құшып бір қыз жүретін
 Сол қыз үйіне қайтпады, бәлкім...

Күбіге құйып айранын,
Қазанда асын қайнатқан,
О, менің жақұт қайнарым,
Арлы жүзімді жайнатқан.

Алыстан келсем аптығып,
Ақ жаулығымен алдымнан
Жасын сүртіп ап,
Шағ күліп
Тәттісін апам алдырған.

Ағаларым-ай аспандай,
Женгелерім-ай бір төбе,
Құрбыларым-ай дастандай
Қырға шығатын гүл тере.

Дәуылың қайда ұшырар,
Жауының қайда құятын?
Күркеңнен мен бе қысылар,
Қуысыңа да сыямын.

Мейіріменен құшатын,
Қалтама жұқа қарамай.
О, менің жылы құшағым,
О, менің дархан далам-ай.

Сексеуілім, жусаным,
Сендерге келдім нәр алмай
Сылдырап аққан сонша күн
Иісіне бір қана алмай.

Акниетиннен эперши,
Кеудеме сактап қояйын.
Топырағыннан әкелши,
Жұпарына бір тояйын.

Келіп тұр бүгін өзіңе
Әдилеп арын - алпағын
Жүрегі ме, алде өзі ме
Үзіліп түскен жапрағын.

Қаңғырған, о, ел кезген кара қаңбак,
 Жазам деп ойладым ба саған арнап.
 Дүниенің үшбұрышын кезіп көріп,
 Тұрмын мен самай шашым ағараңдап.

Жөнелген жолмен бірге мен де бейбак,
 Жүгірген желмен бірге сен де бейбак.
 Ей, қаңбак, екеумізде айырма жоқ,
 Жакын кеп сырлас солай, емде кей уак.

Дүние шыр айналып дөңгеленген,
 Түк шықпас жылы сөзбен емдегеннен.
 Бәрін де сүйіп тұрып тастап кетер,
 Ей, пенде, бар еді айтшы өңгерер нең?!

Жұлдызға қолым созып, жолағым кеп
 Кара жер, үстінде өсіп, қонамын көп.
 Дүние, бақыттысың қуана бер,
 Жалғанда менен қымбат қонағың жоқ!

Менің ауылым – тым жақсы ауыл,
 Гүліне тұнар толып ән.
 Барғанда соғар көбірек дауыл,
 Ғимаратқа ескі соғылам.
 Іздеумен әйтеу жұрт тауып алам,
 Аз қалған таныс, бауырдан.
 Өзімді әрең құтқарып қалам,
 Көзімнен жауған жауыннан.
 Қарағайлары күліп тұратын,
 Балақайлары бал татып.
 Сағындым сені, о, Үшаралым,
 Шерімді берші таркатып.
 О, төбелерім, о, қыраттарым,
 Кешірші, кешші балаңды
 Мәніңді ұқпай, мен жырақтадым,
 Түн ұйкым ойға таланды.
 Бала Жұлдызға жолығамын ба-ай?!
 Келесің бе ере сен, құрбым?!
 Бір түйір сенің топырағың-ай,
 Басуға зар боп мен тұрмын.
 Өлкеге өзге сыйдым мен қалай,
 Санам да саған жиі ауып.
 Өзіңді жатқа қидым мен қалай
 Өзімнен тұрмын ұялып.

Аңыз дала – ақиқат, қазыналы қартыммен,
Дидарымда - дәстүрім, санамдағы салтыммен,
Жаһандану дәуірі жүріп жатқан керуен көш
Желбіретіп жалауды жарқырап үн қаттым мен.

Киіз үйлі отауда сініп қасиет жүрекке,
Қобызымды бір шертіп, тізгінді іліп білекке,
Жетектеп ап түйемді семсерімді сайласам,
Жету болды мақсатым бабам айтқан тілекке.

Қос ішегін бір тартып қайғы менен шаттықтың,
Өмір деген – домбыра, о несіне аптықтың?
Қайғы селін кештім де, көрмегендей қасірет
Көкке қарап бір сәтте бақыт нәрін таттым мың.

Керегеден көңілдің, түңлігінен төрімің,
Туған жердің аспаны ғажабым боп көріндің.
Сенен қалай ажырап, сенен қалай кетейін,
Топырағыңда жатса егер бар тәттісі өмірдің.

Қара қазан күйенің бәрін жағып үстіме,
Арықтағы шалшыққа күмп бердім де түстім ей
Балшық болған балалық балдан тәтті екенсің,
Көрінуге анама тал бойыма күш тілей.

Құмында оның піседі таба наным ып-ыстық,
Айттым гой бұл туған жер – жер емес деп, ырыс-құт.
Ағаштарын қозғасаң – алма түсер балбырап,
Аузын ашса аруы – пісе қалар күріш көп.

Аспанынан түседі бал-шекер де алуа қап,
Ауа қармап қалмастан, қолмен тосып ал бірақ.
Жерден тәтті жегеннің – жүзінен нұр төгілер,
Жер астынан шыққан су – жанарыңда жадырап.

Түтін еміп өскеннің туған жерде туы бар,
Тылсымына бойлайсың майдан қылды суырап,
Топырағы тартады кете алмайсың, кетпейсің,
Қабаған ит алдырып көрші мені қуып ал.

Мұз шайнатып, тұз сепсең – жан еместің суынар,
Мекенімде жоқ қайғы, татыр ішкен уым бал.
Бір қазан ет қайнатқан сексеуілдің оты – нар,
Иесіне осы үйдің ыстық сорпа буы - әл.

О, құт орда, өзіңнің бөбегіңмін, бөпеңмін,
Мәңгі мені аялап, зау биікке көтердің.
Құшағыңдай жоқ құшак, еркелетер мені кім?
Ансап-шаршап түбінде саған құлай жетермін.

Кимешекті анамның ақ сүтіндей қастерлі,
Ыстық ұям, өзіндей сезінбедім жат жерді.
Сахараны кезсем де, сенен маған артық жоқ,
Сәйгүлікпен шапсам да шығарып ақ, көк терді.

Жаңбыр жауған күні қайта туылам,
Құттықтаңдар мені туған күніммен!
Періштелер су шашады... жуынам,
Ардан ақ боп шыр айналам бұ күн мен!
Тамшылар да қуанады қол соғып,
Табиғаттың тартуындай ән есіп.
Иір-иір жатар бізді жол тосып,
Жаңбыр асты сен де күйді қал кешіп.
Уақ тамшылар тығылады қойныма,
Құшақтаймын жақын бауырымдай кіл
Алғысымды айта алмасам, қой кінә?!
Сыймағаның қолшатырмен самғай тұр.
Туған күнім бүгін менің - тамаша!
Үйге кіріп тамшы біткен жарысты
Үрлеп жатыр жан-жағынан таласа
Көкте жанған найзағай – балауызды
Төкті жаңбыр, өлкем де тұр тазарып,
Қайта келдім әлеміме, алақай!
Кеттім білем сұлуланып, жасарып,
Дүниемен түк ісі жоқ баладай!

Ақ тақиялы қария таулар,
Жел - қолмен қаққан арқамнан
Шапанындағы дәрия, баулар,
Жұпарын шашар барғаннан.

Будақ та будақ мамық бұлттары
Бұрқырап өтіп басымнан
Ауа ма, бал ма гажап жұтқаным
Әр жылт еткені – асылдан.

Сылдыр да сылдыр сарқырамасы
Менімен бірге күл деген
Сылқым судың да бар, сірә, ағасы
Қорқу дегенді білмеген.

Дастархан жаяр емен келіні
Дууылмен бірге сәлем сап.
Аспан мәз-мейрам төмендегіге
Жасын ойнатып... зәремді ап.

Жер - ана қамырын көлге илейді
Өзендер ағар бір тасып,
Қызғалдақ –қыздар менімен билейді
Күлтесі көзге жыр жазып.

Күн тиген жердің бәрі күледі
Күм жатыр жылу берем деп
Сәуле даланы жарығым деді,
Сендерді жақсы көрем деп.

Қасиетті ғой көк күмбезім де,
 Табанымдағы топырақ.
 Ғажал күй кештім көк күймесінде
 Ну орманымның жатып ап.

Тауларым осы, нұр, жарығым да,
 Байтағым менің, кең өлкем,
 Осынау менің қан тамырымда
 Тулап ағатын сен екен!

Таң атты. Ғажайып күн. Қуаттымын,
 Құйып ал жүргендеймін шуакты мың.
 Күлкімнен сәуле ұшқандай шартарапқа
 Мен сірә, күннің өзі сияқтымын.

Берейін үлестіріп жас-кәріге,
 Мен емес, сиқыршы гой аспан міне?!
 Алақан толған күміс шашылады
 Жымыған жанға жерді басқан күле.

Бояйды көңіліңді күнмен ерек,
 Өмір сүр, сенің демің гүлге керек.
 Бұлттарды саусағыңмен түріп жібер,
 Бір әлем ашылады мүлде бөлек.

Күлемін күлкім көкке жеткенінше,
 Кеудемнен қайғы-мұңым кеткенінше.
 Күтпеймін ештеңені, өмір сүрем,
 Қолыңда ма, ал сенің көктемің ше?

Мениң ұлы Отаным –
Әдемі үйі, сарайы,
Бәрі көркем, дауылы һәм таңы, айы,
Баска әлемде мұндай күн жоқ,
Құшақтап,
Бетіңізді шымшылайды арайы.
Айы – тәжі, бұлт – гүлі,
Жері қыздай сыланған,
Ғашык болған әрлі-берлі күн ауған.
Мен түбі кеп ораламын өзіңе,
Төбелер мен ойпатыңда жүр алқам.
Дана далам дақпыртты,
Сахарам һәм шөлейтім,
Жырақтадым, неге ерте есейдім?
Ойладым ба, өзім ана боп тұрып,
Алақанын аңсаймын деп шешемнің.
Тулап ақтым төсінде,
телегейім, теңізім,
Қытықтаған болар толқын – кебісім,
Сен Үшарал деп аталсаң ел үшін,
Жалғыз жылы алақансың мен үшін.
Тамыр тартқан сан адам,
абыз атам, ақ анам.
Ерке қызың болғым келіп таранам.
Жанталассам, жүтіргім кеп қырыңа,
Сәбиім бар еңбектеуге жараған.
Отқа күйсем он рет,
отқа өрт боп түсе алар,
Лай, батпаққа батып тұрсам құша алар.
Рұқсат берсе, екі-ақ сөзді сөйлеуге,
Екі сөз де сен боласың: Үшарал!

АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНЕ

Күліп тұрған шілденің сұсы бар сәт,
Маңдайыңнан моншақты түсірер қап
Көлеңке іздеп топ бала жүгіреді
Қарағаштың басынан құс ұшар шақ.

Жаңбыр түгіл бұлттар да бой көрсетпей...
Айналсоқтап тұрғаны қой тентектей,
Етін тұздап, еденін жуып жүрген
Келіншекті келешек ой шөлдетті-ей!

Жұлдыз сөнбей шығатын сауынына,
Қарамайтын жұмыстың ауырына
Отпен кіріп, көз жасын күлмен төгіп,
Туып жаққан жыл сайын қауымына.

Тәнір құйған сәулемен санасына,
Көк түтіннің кіргенде арасына
Бәрі үйіне тығылар, ана ғана
Тезек қамдар ып-ыстық табасына.

Көсеуімен көсейді шок қалайды,
Өзі шикі камырды отқа орайды,
Тұла бойын шарпыған, сіңіп алған
Көрші аралап ыс иісі тоқтамайды.

Енген шығар нан иісі таң түсіне,
Жұтынады қарны ашып ай ішіне.
Қолыңдағы нан емес, күн сияқты
Миллиардтаған қарайды жан сүйсіне.

Борпылдаған ақ ұнды баптаған-ақ,
 Қасиетінді кара үйге сақта қарап.
 Дастарханның үстінде ыстық нандар -
 Шаңырақтың өзіндей доп-домалақ.

Ақ түтінін тосатын дауылдарға,
 Қи, тезегін құрбан ғып жауындарға,
 Таба нанын пісірген әйел, саған
 Қою керек ескерткіш ауылдарда!

ХАС БАТЫР

Әбдір Сағынтаевқа

Дәл осылай сүру керек ғұмырды!..
Тас-құмдарға қос табаны тілінді,
Дала заңын кеудесіне түйген ұл,
Туған жерді көркейтем деп жүгірді.

Төрт түліктің жайын біліп жасынан,
Қалмай өсті әкесінің қасынан.
Талас, Аса толқындары еркелеп
Сипайтұғын бозбаланың басынан.

Жиырма жаста қан майданға аттанып,
Сұм соғыстан аман қалды бақ дарып.
Отан үшін жанын оққа төсеген
Хас батырын мадақтады сақтап ұлт.

Ұрпағына мирас болып қалса игі,
Асыл қасиет жүректерге тамса игі,
Бұтағымда былдырлаған бала деп
Талы ауылдың қуаныштан балқиды.

Ояна сап Отан деді есіл ер,
Нағыз ерді алдилейтін бесігі – ел,
Жаксылықтың өшпек емес тарихы
Қыр кітабы қойнауына көшірер.

Енбек қана ердің даңқын шығарар,
Ерлеріміз елдің даңқын шығарар,
Аққа толып қазаны мен табағы
Ғаламат күй бастан кешті Үшарал.

Бас қамы емес,
Ел қамы үшін терлеген,
Не көрсе де көрген ұлы елменен.
Алдындағы адал суын ұсынып,
Қара бала қамы үшін шөлдеген.

Қампайтпаған қарынын да, құлқынын,
Тірісінде таппай жүрді бір тыным.
Қара ошактан түтін түзу шықсын деп,
Құлы болып қызмет етті ұлтынын.

Сары аязда жалаң кешіп көк мұзды,
Құмын ойлап шоқ көседі, от құшты.
Күлкісі үшін қараша үй, қара нар,
Көз шырымын алмай күнін өткізді.

Нағыз ерлер – елім деп мұң шегеді,
Қызмет еттім шен-шекпен бер демеді.
Ауылымның әр бұтасы құрметтер,
Маңдайынан аққан тердің өтеуі.

Текті топырақ туған Талас ұлы еді,
Әбдір ата еңбегін ел біледі,
Үшаралмен егіз жүрер есімдей
Ауылдастың жүрегінде жүреді.

ӘКЕШІМ

Әке, алдында басымды мың иемін,
Иығың - тау, сол тауға бас сүйедім.
Алпыс екі тамырыңда жүгірген,
Қаның, қадір-қасиетіңе иемін.
Бізді асырап баққан маңдай терің мен
Тарам-тарам әжіміңнен сүйемін.

Бұлақ дер ем, әке, асқақ үніңді,
Өмір жолың өнегелі, бір үлгі.
Бір үзім нан табу үшін балана
Сарп еттің ғой жұмыс деумен күніңді.
Шаршап келсең, біз жүгірдік алдыңнан
Ертегі айт деп ермек қылдық түніңді.

Әкетайым, сыйым сенсің жалғанда,
Таусылмайтын кенсің маған, бар маңға.
Арқама сап көтерейін келші, әке,
Сан мың рет мені арқаңа салғанда.
Құшақтайын, мәпелейін, сүйдің сен
Менің жасым саусағыңа тамғанда.

Әке деген - таудан биік тірегің,
Әке деген - үйіндегі жүрегің.
Батады оған қатуланған қабағың,
Батады оған қанаса да білегің.
Жаратқанға жалынамын, сұраймын,
Жүзден асшы, ауырма Әке, тілегім.

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ

Қандай ғажап, шуакты күн не деген!
 Нұр саулайды ағыл-тегіл төбеден
 Нұр ішінде гүлге айналған бір өзі -
 Жаным, анам, бүгін сенің мерекен!

Сүйіншілеп жел жүгіріп, ұшып бақ
 Жел қойнынан көп қуаныш түсіп қап
 Шатырдағы соңғы қар да тамшы боп,
 Жерге тамып қол соғады құттықтап.

Құттықтайды жүгірген де, ұшқан да
 Көктем келіп дарығандай күш талға
 Бүршігімен сүйіп әсем бетіңнен,
 Қанатымен ән сыйлайды құстар да!

Бұлттар-дағы бар моншағы шашылып,
 Кемпірқосақ көкжиекке асылып,
 Ана, сені құттықтайды көк шөп те
 Табаныңа төселуге асығып.

Жаным, анам, іздеріңнен ерейін,
 Басқаныңнан бақыт тауып берейін
 Сенен артық байлығым жоқ жалғанда,
 Ана, саған қандай сыйлық берейін?!

АНАҒА ДУҒА

Сен ұзақ өмір сүрші, жан анашым,
Тілегім жер мен көкті араласын.
Періште әумин десін, аман болшы,
Мен үшін бүкіл әлем сен ғанасын.

Іздедім күн ауысып, сәл ұлғайсам,
Сен менің дұғамдасың - қолым жайсам.
Мен сені көріп жайнап шыға келем,
Сөйлесең - көңіл көктем, жаным жайсаң.

Жаныңды нұрға бөлеп әдиледін,
Мазанды алу еді - бар білгенім.
Сен мені сәби кезден бағып қактың,
Жанымда, жүрегімде - ән-күйлерін.

Сен ұзақ өмір сүрші анашым-ау,
Мен үшін әлемде жоқ данасын-ау,
Аялы алақаның қандай ыстық,
Әндетсін есіміңді қала мынау.

Қымбатсың тарам-тарам әжіміңмен,
Керексің ана қайрат-қажырыңмен.
Есейіп кетсем-дағы сені іздеймін,
Ана деп еркелейтін сәбиің - мен.

Жып-жылы жаулығыңды жамылғасын,
Жыр жаздым жүрегімнен ағылғасын.
О, Аллам, менің анам жүз жасасын,
Тәңірім, менің анам ауырмасын!

Анашым, сен күрсінбеші, күрсінбе,
Қызыңды ойлап қайғы-мұң жеп жүрсің бе?
Көзің жасы былғамасын жүзінді,
Мұңайтпашы жанарыңды нұр сінген.

Жыламашы, жан анашым, жыласаң,
Мен аһ ұрам, жаннан жаңбыр құлатам.
Я, Раббым-ау, менің алтын анамды,
Қайғыртпашы, жалынамын, сұранам.

От бар болса жолында мен күйейін,
Махаббатты жанына әкеп үйейін.
Мені ішінде көтерумен тоғыз ай
Жүрген әппақ табаныңнан сүйейін.

Көңіліңе көктем әкеп жүрейін,
Маған берші шаттығыңды үрейін.
Маңдайымды ақ сәждеге тигізіп
Анам жүзге келсін дейін, тілейін.

Арқаң сап қуанттың сен анашым,
Тізең сап жұбаттың сен анашым,
Барлық мақтау, мадақтауға лайық,
Алла, әкем және өзін ғанасың.

Мейірімін аямаған жүрегін,
Жүрегінде мәңгі өмір сүремін.
Ана деген атың сондай аяулы,
Әлдилеген қолдарыңнан сүйемін.

ҰСТАЗ

Сәти Сәйлібаевқа

Мен бір мүсін соқсам дедім сізге арнап,
Саусағыма өсер еді қызғалдақ.
Мейірімнен топыраққа тіл бітер,
Аспан күліп қаламыммен сызғанда-ақ.

Жаздың күні қылаулап қар жауар-ды,
Жаулық жауып, салқындатып ауамды.
Қиял қосып ойланар ем сан шешім...
Жауабы жоқ
Сіз қоятын сауалды.

Кеудеңізді жасар едік зор қылып,
Ақ бұлт сізді марапаттап қол қысып,
Өткен шақтың ең әдемі сәттері
Келер еді құттықтауға жол түсіп.

Білім – теңіз кемеге жол нұсқаған,
Үйретуші ұстазымен күшті адам!
Таңырқар ед шәкірттері әлемнің
Қолды көріп кітап, қалам ұстаған.

Жақсы жандар жоқ деп әсте түнілмен!
Жас ұрпаққа мол білімді сіңірген,
Жақын тартқан оқушыны баладай,
Ұстаз десе сізді еске алам бүгін мен.

САҒЫНЫШ

Сіңілім Іңкәр Асқарқызына!

О, қырдағы менің сұлу сіңділерім -
Гүлдерім.
Қоңыраулы қызыл, жасыл нұрлы реңің -
Бір керім!
Іңкәрімнің жанарындай жұлдыз, айлы
Аумайды
Желп-желп еткен дәуір желі күндіз айды
Аулайды.

Бұлт бұлк етсе бебеулетіп құйын ойнап,
Тамсын қар,
Жалғыз емен, шаһарымда ғазалдарым
Барсыңдар!
Менің құйттай жүрегімнен жүрегіңе
Тамсын нәр,
Махаббатым өздеріңе қызғаныңдар,
ал шыңдар!

О, гүлдерім, канаты жоқ періштесі
Алланың,
Келді көзсіз көбелектей айналаңда
Самғағым.
Таңғы шықпен тәй-тәй басып нұр тараған
Жан-жағым,
Жан өсірген гүл иісті жырды саған
Арнадым.

Таптамасын о, гүлдерім тамырыңды
Тұлпар кеп,
Шоқымасын күлтешенді бейуақытта
Сұңқар кеп.
Сұлулықты күзетейін қалайыншы қасыңда,
Рұқсат берші, ағайыншы қыр гүлдерін
Іңкәр деп!

ЖОҚТАУ

Шүберектер өміршең бе келбеттім,
Сен сыйлаған көйлек бар да, сен жоқсың.
Әділет пе?
Қайдасың сен сінгілім,
Қайда барам маңдайыңнан келсе өпкім?!

Мені есіңнен шығарма деп бердің бе?
Сені есімнен шығармадым көрдің бе?
Бәрі Іңкәр өлді дейді. Сенбеймін!
Қайда кеттің. Келмес тіпті сенгім де...

Қызыл көйлек - менің қызыл мұңымдай,
Неге басым бұл қайғыға ұрынды-ай.
Қап-қараңғы түнде туған жарық ай,
Аспанымнан неге биыл қуылды ай...

Неге жоқсың? Әпкең сені сағынды,
Қайғы-мұңнан қалың көрпе жамылды.
Бұлтты көкке Күн боп туған алтыным,
Қалай айтшы жұбатамын жанымды?

Кеттің бе әлде елес болып, мұнар боп,
Көзім жұмып елесіңмен тұрам көп.
Жиі-жиі ніскеймін, жаным-ау,
Көйлегіңе нісің сінген шығар деп.

“Жаным әпкем” деген сөзің қайда енді?
“Ақын әпкем” деген сөзің қайда енді?
Бота көзі жаутаңдаған жаным-ау,
Сендей жаңды таппаймын ғой, таппаймын...
Шарласам да жүз, мың рет әлемді!

20.02.2019

Сен табыттан қорқатұғын көрінді,
Кеше көзін шұқып алдым өлімнің.
Қорықпашы, мен тәтті боп болашақ
Мола ішінде төмпешікке төгілдім.

Тоя тұрсын, жүрегі айнып ауырсын
Оған дейін жасап берем қауырсын
Өкінбестен өлмес жаққа ұшып кет,
Саған ғана жетсе болды дауысым.

Іздеп сені таппайды енді бұл өлім
Күңдей көкте шуақ шашсын жүрегін
Сағынышым, сырға толы хат жолда
Соқыр болды кеше өлім білесін.

Енді ол сені танымайды...

КҮЗ

Орынды бердім төрімнен күзге,
Күрсінгін, ән сал, билеу ме?..
Күздің ішінен көрінген сіз бе,
Алтын шапақты күйме ме?

Тіл қаттыңыз ба, сыбдыр етеді,
Бақ үшін кезіп бір әуен.
Жылжиын десем, сыңғыр етеді,
Айналам - нота, гүл әлем.

Сіз маған бейне от болдыңыз ғой,
Шарпиды жалын демегем,
Жалт етіп бірден жоқ болдыңыз ғой,
Сыйқыр ма, әлде не екен?!

Айтыңыз неге көріндіңіз сіз,
Жан дүнием шаншып, күйреуде.
Елеске, түске бөліндіңіз сіз,
Күтетін сынды сый кеуде.

Басқаным мүлде топырақ емес,
Кешпеген күйім білемін.
Қарағаштағы жапырақ емес -
Дірілдеп тұрды жүрегім.

Не дейсіз енді керілген күзге?!
Қабағын мүлде түймеуге.
...Бәріне рұқсат берілген сізге:
Сөйлемеуге де, сүймеуге.

II

Менің аулам топ қайыңмен көрікті,
Көркінде бір қорқыныш бар білемін.
Шығарып сап тұрам ылғи өлікті
Содан болар тас боп кеткен жүрегім.

Тал бойында ақпаған соң мендік қан
Көз қырыммен «хош бол» деймін не шара?
Ауладан сәл алыс жерге шер жұтқан
Жел кеп көміп жатады оны, бейшара!

Сары күннен қызық көрмей жатып-ақ,
Аппақ қардың суығына бір тонбай,
Дүниеден тағы да өтті жапырақ,
Әй, сорлы – ай!

Жүрегіме ендің де хандық құрдын,
Мені ғана сүй дедің. Жарлық қылдың!
Астаң-кестең дүние... қалды бәрі
Иесі боп ояндым барлық мұңның.

Жарты әлемде жан болдың жарық, жалғыз,
Сенен жылу іздеді жабыққан қыз.
Сағынышын көзіме құя салған,
Сенде жауап, сарыдан жалыққан күз...

Сездің бе екен боларын жасын күйдің,
Жапырақтың мөлт еткен жасын сүйдің,
Әлемімді билеген бекзада би,
Саған емес, сезімге басымды идім!

Сурет салсам тізе мұң
Айтшы неге түзедін?
Қайғысы ұшқан қасында
Күзге ғашық кыз едім.

Жанарыма ай құлап,
Отырады жәй жылап.
Құлазиды дейсің бе?
Мұң сүйсінтіп, қайғы ұнап.

Күрең күннің көбі ұнап,
Қурап қалған шөбі ұнап,
Жылап өтер ме екенмін,
Жапырағымды төгіп ап.

Күзге тартқан жасым да,
Күз қойнында басым да,
Найзағай боп тіл қатам,
Нардай болған ғасырға.

Құстың көріп тізбегін
Қанатымды іздедім
Мені ұшырар – жапырақтар,
Мені әкетер – күздерім.

Бүгін тағы үміттерім түс көрді,
Көз жасымнан жасаңызшы,
Сіз көлді.
Жаңбыр асты жасырынып жылаған
Жүзімді де,
Түсімді де күз көрді.

Көрдіңіз бе,
Маңдайдағы сызықты,
Жалғаңызшы,
Жалғаңызшы,
Үзікті...
Шық толтырсам етегіме ертемен
Сағынғаным екендігін
Күз ұқты.

Қайтем енді?
Мұн аңқыған күндерді,
Кімге ұсынам?
Қайғы тартқан түндерді
Қара түнде айдай болып жарқ еткен,
Бір көре аламыз ба Сізді енді?!

Жапырақтар мерекесі!
 Күз шырқасын,
 Күз билеп!
 Қалың ағаш домбыра алсын, көмейіне жүз күй кеп,
 Дауыл соғып – дирижер боп,
 Сегіз нота қалқысын,
 Біз, адамдар, тығылайық, жаурадық қой үй, үй деп.

Жапырақтың кеші ғой бұл!
 Сыбырлассын, сөйлессін!
 Дірілінен дүниеге өлең көшсін, ой көшсін!
 Мың иіліп сәлем берсе, бұтақ біткен майысып,
 Бағбаны – әкем бақшамызға бақ қонақ боп,
 Той да өтсін!

Ал, сары күз, сал әніңді,
 сен – күйшісің, сен – ақын,
 Біз – жердегі бишілерміз, күн тығылса тоңатын.
 Жаңбыр болып сіркіреп кеп, тамшы болып тырсылдар,
 Күз – үйімнің сыртынан да жүрексің ғой соғатын!

Шашу - сыйың сенің маған,
Жапырақтар шашылған,
Күзден қалай көзімді алам,
Сипап жатса басымнан.

Сапырылыс. Кіл сезімдер,
Ұлы ақындар бұл маңда.
Кереметін шын сезіндер,
Көшіп кетпей тұрғанда.

Дала әуенге салады әнтек,
Ағаш үнсіз тынығар.
Терезеден қараған көп,
Мәлдір көздер, мұңлық хәл.

Аласұрған жүректі көр,
Ей, жапырақ алқынған,
Бір жанға бақ тілеп жүрер,
Аят оқып бар тұлғам.

Күз биледі, кезекте мен,
Кешір, аһ ұрғаным,
Жүрегімді төсеп келем,
Сенің шашуларыңа.

ЖАПЫРАҚ ТІЛІ

Көктен...
Әлде үзілдім бе ағаштан
Кім біледі?
Күрсінісім жайлы жақ ашпан.
Жараланған жанына ем таппаған
Кім дедің бе?
Жапырақтың адасқан.

Жапырақтың
Самалдан да мұң көрген
Бар мөлдірін шыққа беріп үлгерген.
Мен көктемнің көзіндей ем,
Ал қазір...
Сұрап көрші гүлдерден.

Жыласа кеп жел сұртетін көз жасын
Белгілі ғой тағдырдан да озбасым
Жапырақтың
Сөйлейтұғын Жүрегі
Қарашаның суығынан тоңғасын.

Сыр айта ма,
Жыр айта ма жер маған
Мұнайта ма,
Құлата ма кен далам
О дүниеге кетермін-ау
Шүкір деп,
Жерде ғұмыр кешкеніме сен болған.

Жапырақ ем тағдырымнан үзілген,
Ұрламашы,
Ұрламашы күзімнен
Неге келіп мазалайсың түсіме,
Бірге бола алмаймыз ғой біз мүлдем.

Ақ шәлі едім,
Ақ бұлт жерге түсірген,
Аппақ қардай көз алдыңа тізілген.
Қарайтпашы, қарайтпашы жанымды
Қабағына қатқан мұздың жүзімен.

Жаңбыр ма едім,
Жолдарыңа жауатын,
Талып кетті,
Талып кетті қанатым...
Мен қонатын биік енді белгісіз,
Мен киетін киім де енді кара тым.

Құс тартатын ноталарын қайғы – әнім,
Жүрегіңде болған едім...
Қайдамын?..
Жылатпашы,
Жылатпашы жанарды
Жанар отым сөнгеннен соң айтамын.

Самал ма едім бағыңда есіп тұратын,
Мен шығармын жауабы жоқ сұрағың
Ғайып болғам, өзім күзбен көшкенмін,
Өмір сүріп жүрген менің құр атым.

Бір жапырақ құлап кетіп көз ілді –
 Сен де солай жоғалттың ба сезімді
 Жұлдызы жоқ түндей кара көзіңнен
 Іздесем де таппай тұрмын өзімді.

Ең бақытты жан едік кой жердегі
 Шер көңілді ерек үнің емдеді
 Ғайып болып кеткені ме бәрінің,
 Мүлде есіңе алмадың ба сен мені?!

Бәрі неге ойдағыдай болмады?
 Неге түзу емес өмір жолдары?!
 Мен сияқты көрінеді желде қап
 Жапырақтың таппай сені тоңғаны.

Дүниеде көктем де бар, сыйған күн
 Сенің сұлу сөздеріне иландым.
 Жүрегіннен көшіп кеткен сезімдей
 Жапырақтар...
 жинай алмай қиналдым.

Мына әлемнен жаным тоңып түршігем,
Өмір дейтін ақ қайыңның бүршігі ем.
Жан таппастан ұғынатын жанымды
Күрең күнде күзге келіп күрсінем.

Сағыныштан үлбіреген жапырақ
Айнасындай күз жанымның шатынап
Бұл дүниеге сыя алмаған жүреппен
Бейуақытта бақта тұрам аһылап.

Жүре алмастан әлемінде жаркылдап,
Жапырақтай дір-дір етем қалтылдап.
Маған деген сезіміңдей кетгі әлем
Күздің қара суығындай салқындап.

Шер кеудемді күз және де ай ұзпақ,
Сенсіз өмір – сүренсіз деп байыптап.
Сезімімді жүрегімде жұбатам,
Жер күнәлар мекені деп айыптап.

Жел желпініп қанаттарын жайғанда,
Жапырақтар көшеді екен, айлар да...
Тұла бойым жапырақтарға бөлініп
Күзбен көшіп бара жатам...
Қай маңға?

Жапырақтар тізіліп биге шықты
 Қоңыр күймен мендік хал үйлесіпті
 Боздап далам тартқанда қылқобызын,
 Көрінуге қырлардан гүл кешікті.

Сұп-сұр бұлттар вальстің ырғағында
 Дала мендік көңілді ұрладың ба?
 Жапырақтар алдыма үйілді кеп
 Мен желді ойлап шақырып тұрғанымда.

Қыраттарда атамның үні бардай
 Жүгіремін
 Үмітім жығылардай.
 Жамыламын ойымды орамал ғып,
 Мұңдарымнан өзімнің тығыла алмай.

Төбелер де күткендей осы күнді,
 Жерін құшып маужырап көзін ілді
 Мына кейпің, Құдай-ау, елестетті
 Өлеңімді, өзімді, өмірімді.

Көріне ме барлығы жеңіл сізге
 Жаннан ұшқан құстарым көңілсіз бе?
 Бәрі үзілді жапырақтың біргеміз деп,
 Сізді жақсы көремін дедім күзге.

Жалғандағы ең сұлу өленсіңдер,
Жараланған жанымға көп емсіңдер.
Тек сендерге шын ғашық жүрегімде
Жүз жапырақ бар десем сенерсіңдер.

Күнірене күз әнін саларсыңдар,
Басқа жақтан бір мекен табарсыңдар.
Өздеріңді шығарып салып тұрып
Күтеміз деп көздері жанар шыңдар

Сағынышты сызылта айтарсыңдар,
Қабактарын, көңілін байқарсыңдар.
Аппақ қарда, көктемде сонда болып,
Жаз жайлауға көшкенде қайтарсыңдар.

Жапырақтар – жанымның баласындай
Көңіл қалай балаға қарасын жай.
Жапырақты кеудеме бастым ұзақ
Ана десе емізіп алатындай...

Тымық таңды оятқан құстар ма екен,
 Жадыратар жанымды күш бар ма екен?!
 Сағыныш сарайында қалып кеткем,
 Есігімнен ертемен ұшқанда сен.

Дидарындай аспанның сұрғылттанған,
 Сен кеткен соң тұманды күн бұлттанған.
 Кім сүртеді тамшысын кірпігімнің,
 Жаңбырларды жаныма тырс-тырс тамған?

Құлар ме екен өмірім сырғып талдан,
 Дүниеге кім мені мұң ғып таңған?
 Жапырақтарға сап-сары малынумен
 Күздің ішін кеземін сен құлттаған.

Күз бе екен,
 Өзім бе екем салқындаған?
 Найзағай ма,
 Көзің бе,
 Жарқылдаған?
 Өртеніп кетер ме екем сен келгенше
 Сары алтын сағыныштармен лапылдаған.

Жапырақтар жауып жатыр...

Үндеме!

Сөз берейік өмір - тойда күзге де.

Күз сөйлесін тамшы ернімен дірілдеп,

Жаңбыр сүйген көл жыласын іргеде...

Қысты төрге оздырған соң кір-кірлеп

Жапырақтар жауып жатыр бір-бірлеп

Жапырақтың үстіндегі жүрегім

Жерге құлап бара жатыр бүлкілдеп...

Жапырақтар жауып жатыр үн-түнсіз

Сіздің, менің бірікпейтін күлкімсіз...

Жапыраққа орап берген жанымды

Жерге түспей көтерерсіз мүмкін сіз?!

Сені қайтем?
 Ернім тұрса өбердей,
 Көзді қайтем?
 Жел үрлесе сөнердей.
 Жүрегімнен қайда кашам?
 Қай жаққа?
 Бұл сезімнен құтылмаймын мен өлмей.

Кірпіктерім кірпігіне байланған,
 Сені күтіп
 Сағаттардан,
 Айлардан,
 Үміттері жапырақтай құраған
 Бір қыз көрем айнаман.

Сала берсін уақыт жүзге із мейлі,
 Атым неге жүрегіңде жүзбейді?
 Сезімдерің мен жаққа
 Раушандарын үзбейді
 Сен бақытты шығарсың,
 Мені қазір күз дейді...

Ақ қар орап жұбатады жанымды
 Тындата алмай түнде салған әнімді,
 Тағы...
 Тағы...
 Күзетем бе сағымды,
 Сені сүйіп құшамын ба қабірді?!

Мына түннен меніменен бірге асшы,
Сенсіз жұтқан ауа да - у,
Су да - ащы
Түстерімнен өңіме кеп ұласшы,
Жылап жатқан өміріме су шашшы.

Ал өмірім тығылады көзіме,
Бәрін...
Бәрін... жасырамын өзіме
Мен бір күні о дүниеге кеткенмен
Мың бір Өлең сыңсып шығар өкпемнен.

Тырнағымнан тамса да мұң,
 Жанса да күн... дiр етпен.
 Мен күзімді қарсы аламын,
 Мұздап қалған жүректен.

Тамыз кетті талға байлап,
 Жасыл желең гүл шағын.
 Жүрген шағың қалқытайлап,
 Бәрі де өтті, құм, сағым...

Бұлт жыласа – бізден айып,
 Бар обалын көтердім.
 Күз секілді жүз мұңайып,
 Жүз рет жылап өтермін.

Жанымды да жараласын,
 Күзде қалып тылсым дем.
 Маған неге аларасың?
 Мен ғана ма күрсінген?!

Жапырақтарым жыл жанардан,
 Омырауымнан жиі ақты.
 Ал жүрегім мұңға малған
 Күзден туған сияқты.

Мен секілді іздейді ме екенсің?
Терезеден жолға қарап өтем, шын.
Саған деген сағынышты мендегі
Қыркүйектің жапырағы көтерсің.

Жолыңдағы бір жарықты күзетіп
Келер деген тас жолдардан жүз өтіп
Сағыныштан үгітілер ме екенмін,
Кірпіктерін бір қайырып күз өтіп.

Сағынышымды саған деген күз айтар,
Күзбен бірге әйнектерім жылайды ал.
Телміретін тереземе сүйенем,
Кірпігімнен әппақ қайың құлайды әр.

Сұр пердеме сіңіп қалды сағыныш,
Ал бөлmemде сол жалғыздық, сабылыс...
Үмітімнің үрейленген кейпінде
Сезімімді хатқа ағызам жанып іш.

Ең соңғы жапырақ та үзілді...
 Қыс келеді жылатумен күзімді
 Мен келемін өліп қалған жапырақ,
 Ішіндегі тірілте алмай өзімді.

Неге мені әкетпедің жаныңа?
 Не айтамын жапырақсыз таңыма?
 Күздің канатындағы көп жырды оқып,
 Шерге баттым шәйі шәлім жамыла.

Біреулерге көрінеді сорың бал,
 Мұнмен кезіктірейін бе?...
 Қолымды ал...
 Жапыраққа жан ашитын кімің бар?
 Кел де, қалқам, күнгірт түсті торымды ал.

Жайлы жастық болады ертең мына жер
 Кім табылмас құндағына құла дер?!..
 Жапырақты жаншып баса көрмендер,
 Жапырақ та мен секілді бір әйел!

Мен сүйген Күз гой
хош-хош демеді,
Қараша соңы қыраулы...
Үйренсең егер дос көп деп еді,
Сатқындығына шыдауды.

Өмірге мына сыя алмай тұрмын,
Қурап қалары тосын деп.
Қиялдап тұрмын, қия алмай тұрмын,
Күз – менің жалғыз досым деп.

Сарғайды олар...
Сарғайдым мен де
Дәніндей сонау қырманның
Жапырақтай болып самғадым мен де,
Кетпе деп бөгеп тұрған кім?..

Күрсінген едім кешіп наланы
Қурап та қалар ма екен деп?!
Сап-сары жапырақ көшіп барады
Сары айды мекен етем деп...

Жапырақтарын лақтырған жалаңаш тал,
 Жалған оны құрдымға ала қашты, ал!
 Домаланып дүниеден бара жатқан
 Жапырақ емес, жас емес, жаңа хаттар...

Сапырды аспан жер үстін шашып тастап,
 Күз өзінің ішінде жанып қашпақ.
 Тоңғанында өзендер, мұз құрсанып
 Тау тұрады жүрекпен алып асқақ.

Шапалакпен долы жел салып қалды,
 Қарағай бүк түсті де талып қалды.
 Қанаттарын қағып-ақ кетер еді,
 Үркеншек кеш үмітті алып қалды.

Пана таппай қаңбақтар тәлтіреді,
 Аспан менің ыза-отым жанды деді.
 Қалжыраған күзді кеп қыс сүйеді,
 Қар көрпені жабады таңғы лебі.

ҚЫС

Орамалды әппақ жерге жапқандай аспан - әжем
кеп ертемен,

Ақ ұлпа көктен шашылған ба деп сұрамашы
енді сен менен.

Қара қыз - қар жер ұялған сынды жаулықтан
шықпай бір жүзі

Ақ қармен бірге күлімдейтіндей, білінбейтіндей
нұр жүзі.

Жұлдыздар, сірә, жауар ма тынбай, жауар ма
жердің бетіне

Қара жерім-ау, жылт-жылт етесің жаздағы
түндей шертіле.

Өзіңді мүлде басқым келмейді, шіркін-ай, болса
канатым,

Жазға да, күзге көрсетер едім қарды жұлдызша
жанатын.

Ағаштар, міне, ақ көйлек киді ақ қардың тойы
тұсында.

Қауырсынымен бақытты алып келеді ұшып
құсым да.

Жер бетін нұрға бояп қойғандай сиқырлы осы
қысымда.

Сүйемін деген жалғыз сөз тұрды, жаным-ау,
тілдің ұшында.

Жылт-жылт етеді аппак қар сені ұнатам деп,
Аулама көктен түн бойы тынбай құлаған көп.

Көңілімді сұрап күн тұр гой көзін қысып ал,
Қаламды сүйдім ақ қарға қарап, қыс ұнап.

Ағаштар көкке караумен қолын жайып тұр,
Аспанда білем жаумаған жаңбыр айып тұр.

Әнші – жел бағзы ғашықтық әнін салады,
Ой мүжіп, мұң жеп бір әйел кетіп барады.

Бір сұлу кетті мұңымен ғана боянған,
Мен бақытты екем - өзінді көріп оянған!

Қар-қызға еріп ғарышка ұзап кетсем бе?
Қап-қара жерге аямай ардан төксем бе?
Қыс келген сайын шатырыңда сенің түнейтін
Қар болып мәңгі өтсем бе?

Қалықтап келіп иығына сенің қонар ем,
Жеріңде жүрген, деміңде сөзсіз болар ем.
Көзіңе зәру, сөзіңе зәру мен бейбак,
Неліктен маған қарап ен.

Біреулер мені айыптар, жаным тек сенбе.
Тіледім бақыт, қайғыны қайыра шексем де.
Өзіңе деген іңкәрлігімнен айықпан,
Өзгені барып өпсең де.

Аппақ қар менің сезімдерімдей, кеш сен де,
Махаббаттымды сыйлап кетемін кетсем де.
Жұлдызбын деумен қолыңа қонар аппақ қар
Мен дүниеден өтсем де...

Мен – қыстың бетіндегі қап-қара мен,
 Жанымды жасырар жер таппаған ем,
 Мезгілдің әр нотасы ән салады,
 Жылтылдап бармын дейді әппақ әлем.

Бетімді сүйгізгім кеп әр қарына,
 Жүгіріп жетіп келдім бау-бағыма
 Босатып бұрымды қойып кетсем,
 Үйіп ап ақ көбелек жан-жағыма.

Қар сонда – күлтесі боп әппақ гүлдің,
 Қалыңдық көйлек киіп шап-шақ,
 нұрдың
 ұшқыны кірпігіме қона қалса,
 Әр қардың әр дыбысын жаттап тұрдым.

Ұшады кеудемнен кеп бақбақ бір мұң,
 Бұл сәтті тереңіме сақтап сыздым,
 Сен сонда көктеммін деп, қол созарсың,
 Менің ақ әлемімді таптап құрбым?!

Оюлар,
сұлу сурет тереземде,
Қысқы аяз қандай сұлу елегенге!
Мен-дағы қаламсапты алып көрдім,
Суретке Сіздің салған тенелер ме?!..

Түнгі аспан ақ жолақты нендей сұлу!
Керек-ақ көзді әсеммен емдей тұру.
Шатырға қатқан мұзды шертті біреу,
Шеберлік! Бұл үнмен де тербей біту.

Ақ түспен бояп тастап айналаны
Келесіз қызартпақ боп қай баланы?
Сұлулық бізді неге жатсынады,
Жүргізбей, табандарым тайғанады.

Тұрмын мен көкке карап тілеп кімді?!
Сеземін сықыр – сықыр бір екпінді.
Қасымды, бояп берді кірпігімді
Мәзбін мен көріп ұлы суретшімді!

Қыс – ақ қардың тойындай,
 Балауыздай жанып жатқан жойылмай!
 Әшпақ қарлар,
 Торыңды-ай!
 Көз ала алмай карап тұрмын –
 Тигізуге дәрмен жетпей қолымды-ай!
 Жүре да алмай санап тұрмын
 уақытты
 Жатқандай-ақ уақ-уақ жолымда ай!
 Ғұмыр кештім сол сәт ұзақ мәңгілік –
 Ғажап дүние жоқ мұндай.
 Қыс – ақ қардың тойындай,
 Сен туралы жан білмейтін ойымдай...

Қар жауды бүгін
періште билеп еңсені
Қар болып кетсем,
қалкам деп
қарсы аласың ба сен мені.

Ақ ұлпа біткен әуеде жүр ғой би билеп,
Қадірлі өзі,
Күтпейді көктен де мүлде сый-құрмет.

Ақ жастық - бұлттан үлбіреп түскен сыңайлы,
Еске түсірді өзіңді,
жаратқан жалғыз Құдайды.

Армандар жерге асығып қонып жатқандай,
Ақ ұлпа қарда кіршіксіз жоғалған,
өшкен сәт бардай.

Ақ қарлар...
Әппақ көбелек - әсем, шырайлы,
Менің бұлтымнан жауған қар қолыңа қонса
жылайды...

Жұлдызы ұйқыда,
Суретін салды тымық түн
Бұл түнде қандай жазулар барын кім ұқсын?!
Зау көктің мына кестелі орамалындай
Аспаннан түсіп ақық жаныма тұныпсың.

Үзіліп түсіп, үлбіреп жатқан ақ қардай,
Есімім сенің естелігіңде сақталғай.
Үргедек желге махаббатты айттым үздіксіз
Атыңды сенің сыбырлап тұрар бақтардай.

Сезім – қар емес жоқ болатұғын жерге кеп,
Өзінді біреу ұмытты десе сенбе тек!
Аспаннан жауған ақ қарды тұрдым құшқым кеп,
Ақ гүлді сансыз ақ бұлттан төккен сен бе деп.



Жанарымнан аққан жасты көпсінем,
Өмірімді өзім ұғам өксіген.
Сүйретіліп бара жатқан тәнімді
Сүйгенімнен келе жатқан өпші дем.

Қармен егіз жаратты екен мені кім?
Терезенің алдына кеп ерідім.
Бір қарай сап, жымыяр ма екенсің,
Жаныңда, эне, мұнаяды Өмірім.

Қонағысың қай жартастың?
Қай белдің?
Сенсіз менің бар тұрағым ай дермін.
Үмітімді үлбіретіп ұшсам да,
Қанатымнан мұң тамады...
Қайтермін?

Сенсіз сәтте сырласпақ ем көкпенен,
Өлең болып ұшып кетті өкпеден
Жұбата алмай жығыламын түнге кеп,
Күндерімді өзің келіп өпеген.

Құлағына бүршік, гүлін тағатын
 Ақ шалыпты ауылымның ағашын,
 Қараша ауыл – дана ауылға айналып,
 Иығыма ақ орамал жабасың.
 Апам ұмыт қалдырған ба сауынды
 Желіндегі сүт басты ма ауылды.
 Құмшекердей нан үстіне себетін
 Ерініме тиген ақ қар жағымды.
 Төбесінен түскендей ме күріш ақ
 Мұржасынан дем шығарып тыныс ап,
 Әрбір үйдін көзі – терезелері
 Жалтылдайды ұқпаса да дұрыстап.
 Күміс көрпе жамыла ма бүгін ай,
 Ақ тұз сеуіп қоярдай не бүлінді-ай,
 Аппақ тұздар жиегінде жиналып
 Қалған бұлақ секілденген түрінді-ай!
 Пеш түбінде жылынатын ойым бар,
 Күрең шәйдан ішесіз бе қою, бал,
 Қыстың тілін түсінемін мен ғана,
 Қыстың тілі – әйнектегі оюлар.

Қар жауды дерсіз,
Ақ парақ десем қыс деген,
Өлеңнің жолы түспеген.
Қайнарым ба еді іздеген?!

Оралмайды енді күз-дөнен
Өткен күн ерір мұз ба екен,
Аспан да аппақ, жер де аппақ,
Өңіңіз қатар түспенен.

Бұл дәурен баста тұрар ма?
Байқаусыз бір күн құлар ма?
Дүние – ақ қар әлемге
тигізсем қолым жылдар ма?

Жанарым жанға құяды от,
Сор менен бакка ұя боп
Дүние - аппақ параққа
Мен тұрмын қара сия боп.

Ақын бар көкте, ол - ұлы ә?
Қаламын алды қолына
Жазды Ол... бастым бір адым...
Іздерім өлең жолы ма?

Аспанда отырған апам сынды ғой көреген
Ертемен тұрып елгезермен үн елеген...
міне, осы ақ қар –
кұлаған әппақ парактар,
өлен жаз деумен түсіп кеп жатқан төбеден.
Пердемді ашып, қар көрсін деймін мен үйді
Далаға шығам, қар сүйетіндер көбейді
Бұл аспан неткен мәрт еді
Маржанын тағып,
Ақ көйлек кигізіп, мені сезімге бөлейді.
Ұшады ақ қар биікке... бірде самғады
Қызартты мені - бұ жалғандағы бар мәні:
Гүл алып маған
Қыламықтаған әппақ қар
ұсына беріп
ернімнен сүйіп алғаны...

Аспан, сандықты аша ғой,
Шашқын
Сыйды ақтар,
Ақ қар – көңіл ғой, көңілді елге сыйлап қал.

Көкке де жерге байланбаған ол ғажал құс,
Көргендей болып оянасыз-ау аз-ақ түс.

Ақ қанаттарын желпініп алып ұшады,
Ғашығын тауып құшағына қатты қысады.

Сүйгеннің қолын сүйіп өледі Қар қазір,
Үлгеріндерші, алып қалыңдар жанға нұр.

Үлгеріндерші,
Сезімге батып кетеді ол,
Былғана алмай, пенде бола алмай жетеді ол.

Ал мен отырмын кеудемде орман, қирап тал,
Бақыттысың ғой, бақыттысың ғой, сен ақ қар!

Ақ қар ериді... ақ гүлді ертіп келем деп,
Қолымды бұлғай алмастан тұрдым елендеп.

Талға кеп қонған аппақ қар жас боп құлайды,
Жас келер көзге жүректен ұшып өлең боп.

Ақ қар ериді...
Түсінде күннің жаз аунап,
Маңдайға біткен жазмыштан кімдер қаша алмақ?!

Ақ қар ериді... Қимайды оны кара жер
Қарайды күнге жанары тынбай жасаурап

Ақ қар ериді...
Қыс кетер демде ғайып боп
Сұрадым тағы қолымды көкке жайып кеп.

Таптамас үшін адамдар
Қарды жеткізсем
Шыңына таудың қолдарым алып қайық боп.

КӨКТЕМ

Көктем деген кім өзі?
 Өзің бе екен,
 Қадалатын өзіме көзің бе екен,
 Кеудесінен даланың сен гүл үзіп,
 Еркелейтін, ұялшақ кезім бе екен.

Бұл дауыс па?
 Дүниеде бармын деген,
 Қараңдаршы жүректе жандым деген,
 Аялаңдар, жоғалтып алмаңдаршы
 Қар сияқты,
 Енді мен қармын деген.

Көктем деген көк майса шалғын ба екен,
 Бұр атарын білемін талдың неден...
 Жаңбыр салды бейнесін әйнектерге,
 Жүрегіңе сен мені салдың ба екен?!..

Шымшықтарды үркітіп, сай жағалап,
 Енесінен бөліп ап, тайды аралап
 Бұл, әлде, бейқам бала шағымыз ба -
 Қызықтайтын жұлдызды, айды алалап.

Шалын түртіп апам да назданатын,
 Жер иісіне атамыз мас болатын
 Ақпейіл ме бұл біздің
 Жаңбыр төксе,
 Шомылып ап жаңбырға мээ болатын.

Көктем деген кім өзі?
Өзім бе екен,
Сәттерім бе бақытты сезінбеген...
Айдың жарығындағы, түсімдегі
Саған айтамын деген сөзім бе екен?!

Әлде, өрімін тарқатқан бұрымым ба,
Ойнақтаған жайлауда құлыным ба?
Желмен бірге жүйткіген,
Көктем деген –
Бір сенің қолыңдағы ғұмырым ба?!

Біріншісі наурыздын,
Ақынға өлен, бозторғайға ән салғыздын.
Жылғалармен су ағады сыр айтып,
Тарқатылған бұрымындай таң-қыздын.
Бұлтсыз аспан күлкі шашты маңайға
Табиғатқа адам көзі бәрі – айна,
Жанарлардан көріп алып өздерін,
Боянады жасарам деп қалайда.
Тереземде қыс еді ғой, сәнді кім?
Жасады екен жасандырып жан гүлін.
Күннен келген көбелектер бұтаққа
Қонып жүріп сиқырлады-ау барлығын.
Мезгіл өңір маңдайына шақ келді
Босатайын сәулелерге қак төрді
Бәйшешекпен бүрін жарған көктемді
Қанатымен құстар бәлкім ап келді.
Көкжиек те, көгорай бел көкпенбек,
Апам отыр құрақ көрпе көктеп бек,
Мен көктемнің қызымын ғой көк көйлек
Киіп алдым көгеруім шөптен деп.
Болсын бойдан шер де ғайып, сор ғайып,
Нұрлы күнді, жақсылықты ойлайық.
Келіңіздер би билеумен бауырдай
Табиғаттың туган күнін тойлайық.

ЖАРЫМА

Көңілдің домбырасын шерте кей күн:
Сенсіз өмір, шынында, келте деймін,
Дүниені мен үшін жарық қылған,
Сен жоқ болсаң, мен кімге еркелеймін?
Сен – шыңым боп, құзы жоқ құламағам,
Сезімім жасқанба деп тұрады алдан
Саған қарап сезінем жақсылықты
Жақсы жар жолыққан-ау, сірә, маған.
Күн сенің көкірегіңе тұрақтаған
Не жетпесін білмеймін бірақ маған
Соқыр жаңбыр секілді кей сәттерде
Әйелмін ғой еркелеп жылап та алам.
Дауыл боп ем, сен келіп тына қалдым,
Жапырақ боп ең, шығың боп тұра қалдым
Сен болсаң сәуле шашып сәттерім де,
Сүюден, махаббаттан құралар күн.
Гүл тердім, көбелек те қуаладым
Кеудеме өзің жақтың жыр алауын
Көріндің жарқырадым, жайнадым көп
Сен жоқ болсаң мен қалай қуанамын?
Гүл көмкеріп ақ мамық аспанымды
Кейде білем кателік басқанымды
Ақ моншақпен алдына келгенімде
Сенсіз кім сүртеді екен жастарымды?!
Бұлбұл кеп жұмыртқалап таңдайыма
Сен қанатым болғанда самғаймын сан.
Жақсы жыр жазсам егер жан-жарым деп,
Сенсіз кім ніскейді екен маңдайымнан?!
Домбыраның үні әсем қағысынан
Жарымды әлдиле деп ән ұшырам
Бозторғаймен жарысып бәйек болып

Сенсіз кімге үкілеп шәй ұсынам?!
Жаулығым – жанымдай деп сүйе келгем
Отын да отауымның кие көрем
Қосағым Құдай қосқан қорғаным деп,
Саған ғана басымды сүйейді екем.

Күнге өкпелеп жатқан кезде жар күтіп,
 Сіз келдіңіз сирень иісін аңқытып.
 Гүлдер - менің сінділерім қырдағы,
 Аз-ақ сәтте жіберетін шалқытып.

Бірдей сынды жылу шашқан от, күнмен,
 Сағынды деп естіп тұрдым көп гүлден.
 Сирень маған сезіміңіз жайлы айтты,
 Көріп Сізді арманыма жеттім мен.

Сәуірдегі шырылындай құстардың,
 Көңілде - той, қанатсыз-ақ ұшқан күн.
 Сүйдім келіп жүрегіңізді, құшақтап,
 Гүл сыйладым деп тұрдыңыз Сіз бәлкім...

Тырау-тырау тырналардың ізімен,
Мен көктемнің аспанында үзілем.
Күлкі жайлы сұрамашы, күн жайлы
Мен – мұң едім тамшы сөйлер күзімен.

Иілгенде күлтелері гүлдердің,
Жапыраққа шық боп тамып үлгердім,
Сені көрдім, үлгілдеген кеуденді,
Кеудемде мұң боларыңды білген кім?!

Күзгі бақтай бәрі-бәрі тоналған,
Мені күтті сағынышты жол алдан,
Сені іздеймін арасынан тұманның,
Қалдың ба әлде күндерімде жоғалған.

Қол созғанда көкжиекке сенім деп,
Құс ұшады құлазытар шерін деп,
Балауыздай түнде жанған үмітім...
Үмітімді өшіреді жел үрлеп.

Жапырақтар – қысты, аязды сүймейді
Жасыл желек көйлектерін кимейді...
Көктем әнін шырқайсыз ба? - дейсіз бе?
Көктем менің жүрегімде билейді.

Тараздың аспанын кеудеммен күйдіріп,
 Судың да сынғырын қайғылы күй қылып
 Ал өзім бұрымыммен орансам,
 Боталы бұлттарды идіріп,
 Діндәнмен тарансам.
 Шашымның бір талы қалған жер
 Сіз жайлы сыр шертіп,
 Ойымның торына қамалсам.
 Жалғыздық. Бөлмеден безініп,
 Бұтақтың бүрінде жаралсам.
 Жұлдыздар үнсіз кеп шашыма түскенде
 Үлбіреп ернімде қос шиіе піскенде
 Кірпігім кірпігіме сүйгізбей,
 Саусағым гүлге де тигізбей,
 Отырам, күтемін...

Бал жүзім ертекті, Сіз көрер түс кейде
 Көзім де көз емес, жердегі күн дей ме?
 Тереземнен төгілген сәулелер...
 Күн жақтан көрінген шуақ та
 Дертімді емдей ме?
 Айдынды туылып,
 Ару боп жылынған
 Жамалы жұмбақтау Жұлдыздың
 Келмесе сүйгені
 Самалдай
 мәңгілік сынсырын
 білмей ме?!

Бәйшешекпiн,
Түймедақпын,
Нәркеспiн,
Шырқай алмас кeудемдегi әндi ешкiм.
Гүл дегенiң - қауашағы жасымның,
Сенi көрмей
Көз жасыммен күн кештiм.

Меруертгүлмiн,
Жұпаргүлмiн,
Раушанмын,
Тағы менi сен күлiмдеп қарсы алдың.
Үзесiң бе,
Қолыңа алшы қасыңа,
Сенсiз бұлтты аспанымнан шаршармын.

Еңiкгүлмiн,
Қызғалдақпын,
Лаванда,
Жылы сөзiң жаңғырады санамда.
Күндей сенi көрушi ем гой,
Бiр күлшi,
Күлкiң тамсын сен түнейтiн жанарға!

Түймедақпын,
Сарыгүлмiн,
Лаламын,
Сенiң бейнең сiңiп қалған жанарым,
Сұлумын гой,
Қауыз жардым
Қарашы,
Саған деген сезiмдерден жанамын.

Оянамын кеудендегі үлпілмен,
Жерде мен гой күн төгетін күлкімнен,
Миллион гүлдің жұпары жоқ дәл
мендей,
Саған карап басымды иер Гүлмін мен!

Қараңғы түн
Терезеге ұмтылады көбелек,
Көбелектен сұрамашы неге деп.
Мен де сенің шыр айналғам жаныңда
Ал сен мені елемедің не керек?!

Мен де саған ұмтылғанмын қанша рет
Жанарымда шырақ сен деп жанса деп,
Кірпігімнен үзілетін мың тамшы
Сенің ғана иығыңа тамса деп.

Мен де сені іздейтінмін көз ілмей,
Күн мен түннің алмасуын сезінбей.
Кірпіктерің арасында сәулеге
Малыңғам кеп қарайтынмын өзімдей.

Шолпылары сыңғырлаған көктемде
Түн ән айтып, күй төгумен өткенде
Жәудіреген жанарымды жасырғам,
Аймен бірге билесін деп көк перде.

Бөлмем іші. Шырағым бар жанатын
Сен келер деп қырқыншы рет жағамын.
Тереземнің ар жағында көбелек,
Бер жағында сынып қалған қанатым.

Сіз маған карағанда
 Құлағымға раушан гүлдер күбірлеп,
 Жаңа оянған ұяңдық боп жаралам.
 Жалғыз жаным жанарымда дірілдеп,
 Қос кірпіктің арасында камалам.

Сіз маған карағанда
 Қара жолда қайрылғандай қанатым,
 Қарашықта қалқып барам қарасам.
 Жыпылықтар жұлдыз таппай жанатын
 Толқынды түн ай құшақтап адасам.

Сіз маған карағанда
 Бір ысыгып, бір суытып...
 шок түсіп,
 Кірпігіңіз кірпігімді тұтатқан.
 Ал деміңіз күйдіргенде от құшып,
 Іші өртенген айға өзімді ұсатқам.

Кірпік қаксаң гайып болып жалғаным,
 Жапырақтай жаным жаурап, үсердей.
 Саусағыңыз тиіп кетсе...
 Жаурадым,
 Үгітіліп түсердей.

Жүрегіме сыбырлап жүрегiңiз,
Көзiмнiң iшiнде де жүр едiңiз.
Қасымда болсаңыз да сағынамын,
Қайтсем екен дауасын бiлемiсiз?!

Қайтсем екен қызғаншак сезiмiмдi
Қай уақытта жоғалттым төзiмiмдi
Сiзге күн қараса да өкпелеймiн,
Қайда ғана жасырсам өзiңiздi.

Қайтсем екен кеудемнiң сыздағанын,
Қарай қалсам ұрлана нұрланасыз,
Көрсетпейтiн әдемі жанарыңызды
Мен сiздi кiрпiгiңiзден қызғанамын.

Бөлендiрген әдемі күйге бiздi
Өтiнем, жүрегiңiзге тимеңiзшi?!
Бұйырайын, бiр-ақ сәт ұрыспаңыз,
Менен басқа ешкiмдi сүйменiзшi!

Сізсіз -
Мына Жүректің Тәңірісі,
Көп күн өтті
Болмай жүр көңіл мүлдем.
Сіз жаққан
Сол
Сезімнің жарығы үшін
Жер түбінде
Болсам да өмір сүрем.

Сізсіз өткен күндерім
Мұңлы, зарлы
Енді мені ештеңе құтқармайды...
Нала күнде көңілдің
Мұзы, қары
Ұшып кетіп
Ақ таңда бұлтқа айналды.

Жауын жауды аспаннан
Бүлкілдеп қыр,
Ұшпай қалған үмітсіз
Тас болды құс.
Сізді көріп жылап ем
Мөлтілдеп бір
Көз жасыма шомылып
Мәз болдыңыз.



Түн келсе
Ұшам қалықтап тағы
Қара аспан – канаттарымдай
Қаладағы өктем жарықтар... бәрі...
Жолыңа қаратқанын-ай.

Білмеймін неге сор ғашық еді,
Балапан күннен шер – көшем.
Жұлдыздар менің көз-жасым еді,
Тамады енді, келмесең.

Кері кететін қадамдарымды-ай,
Кетпегем неге қар болып?..
Сүйеге сені жаралғанымды-ай,
Көруге тіптен зар болып.

Өзіңе, айтшы, күлкімін неге?
Үркемін бір түп сенімнен
Қоштасам тағы бұл түніммен де,
Ай үзіп кірпіктерімнен.

Саған ап бири ма?
 Бір үміт жалдырақтыңы
 Мен деп ан сала ма?
 Раушандар жалдырақтыңы
 Сүйсем бе дегенде сағымды құшақтап
 Сор қалыңдыты...
 Аймен адыстым,
 Түннің түнеріп түсімен
 Сені ойладым тағы...

Белгісі дейсің,
 Жапырақтай қорықсам ненің?!
 Сен шын сүймейсің...
 Адастырды-ау торықсам сенім
 Сен өзгемен күлгенде елермін тағы...
 Соны ұқсаң дедім.
 Күндердің күнінде
 Мазасыз шақтың бірінде
 Саған жолықсам дедім.

Түбіне кім бойлар?
 Мұныма не күндердің
 Сен гой деп кім ойлар?
 Себебі... киелі үндердің...
 Сұраса,
 Жағасына өмірдің мұң болып
 Түйрелдім дермін...
 Осы ма шер деген?
 Өліп те ең соңғы демменен
 Сені сүйемін дермін.



Қашанғы сені іздеймін?
 Жәй сұраймын.
 Құшағын бақыт бізге жайды қай күн?!
 Өксітпес, өкіндіртпес,
 Бақ сұрауға бола ма тайқымайтын...
 Сағатым созыла ма сені іздейтін,
 Түндерім таусылмай ма ай жылайтын,
 күндері хош демес пе, әй, Құдайдың?!

Қашанғы сені іздеймін?
 Жәй сұраймын.
 Қанша жыл?
 Білесің бе қай күні айдың?
 Қалпым сол...
 Қасіретке көзім тұнған
 Ғарыштан
 Жер төсіне тамшылаймын.

Қашанғы сені іздеймін?!
 Жәй сұраймын.
 Көрмесем, қайғыдаймын.
 Сені көрсем деп тұрам,
 Баска ешкімді
 білмеймін,
 танымаймын.

Ал қайғым қырық бөлініп кеткен шығар,
 Мап-майда сынықтарым ауыртады...
 Мен сенен айнымаймын.

Сен қайдасың?
 Мен қалдым жырақта мұнмен,
 Көзімдегі жауапсыз сұрақтарыммен,
 Жүрегіңнен орын таппадым,
 Тарықтым талып,
 Кірпігіңнің ұшында тұрақтадым мен.

Сен қайдасың?
 Мен қалдым көз-жасымменен,
 Ауырлап барам...
 Жеңіл ме қорғасын менен,
 Аяз жүгірді тәнімнің тамырларында,
 Қалтырап барам қалада,
 Тонбаспын деп ем.

Сен қайдасың?
 Мен қалдым естелік құшып,
 Өткен күндерім уақытқа кесте боп түсіп,
 Бұрылып кеттің...
 Бақытты сияқты болып,
 Еріммен ғана елеусіз
 Хош дедім... ұшып...

Өксіп-өксіп өмірім тоналар күнмен,
 Өбісіп мұнмен будай боп жоғалармын мен.
 О, дүниеде де жүрегім дамылдай алмай,
 Бұ дүниеге
 Сен деп оралармын мен.

Жанымда жоқсын...
 Жабырқап және мұнайдым,
 Жанымнан жаңбыр ақ парағымға құлайды.
 Түн басып кеткен төңіректің бәрі тып-тыныш
 Жұлдызын төгіп ай иығымда жылайды.

Жанымда жоқсын...
 Түсімде... оны қайтейін?!
 Мекендеп жүрмін жаспен сыланған қайғы үйін
 Мәңгілік ұйықтап кеткім келеді сен жоқта
 Көзімнің алдын торлаумен шатты жан күйін.

Жанымда жоқсын...
 Кімдерден сұрап іздеймін?
 Кімдерден сұрап сен мені қашан іздейсің?!
 Жапырақ жүрек ауыртты албырт жанымды
 Сағыныш өртеп сыңсытқан мынау күз кейпім.

Жанымда жоқсын...
 Несіне үміт үзбеймін?
 Қырық құлаш шашқа жасымнан моншақ тізбеймін.
 Жаныңды таппай, жанарыңды таппай жып-жылы
 Дауылды күнгі жапырақтайын билеймін.

Жанымда жоқсын...
 Несіне аңсап сағынам?
 Несіне салам келер деп сені тағы да ән.
 Арманым менің аман жүрсенші әркез деп
 Айменен бірге арманда қалып аһ ұрам.

Түн кұшады қаланы
 Жұлдыз жиып.
 Қайғы болды-ау бар әнім
 Бір мұң сүйіп.

Әйнекті қыс түскенде
 Емген қырау
 Сені сұрап көктен де,
 Жерден мынау.

Түннен де бар күлкімді
 Құйып алған
 Гүлден де бар нұрымды
 Иіп алған.

Қарауытқан күзден де
 Көңілі жарым
 Білместен сенен басқа
 Өмір барын.

Мұнайып жас ұзатам
 Қара желге...
 Сұлуға шашы ұнаған
 Бара көрме!

Жымнып қарамашы
 Жанарына
 Тал мүсін жоламашы
 Тамағына.

Ал біреу ұнап қалса,
 Мені есіне ал.
 Жүрегімде махаббаттың
 Төресі бар.

...Түсіме енсең ғана
 Сөзді ұғармын.
 Сүйем деп келсең ғана
 Көз жұмармын...

Үнсіз ішіп
 аспан жасын тұрмын ба?
 Сенің атыңды айтады енді
 Шер,
 Мұн да.
 Сезімдерім Өмір болып сөйлейді.
 Селт етпеуің әкетеді құрдымға.

Мені өсірген өмірімнен қаша алмай,
 Тар жолынан тағдырымның аса алмай,
 Жарқ етеді найзағайым ішімде,
 Сезім - гүлді
 Көкірегіңе баса алмай.

Бұлттың жасы – өзім жасым ұрттаймын.
 Шырғалаңға салды неге құрттай мұн?!...
 Тіршіліктен,
 Пендешілдік,
 Сыбырдан –
 Мен Өлеңге оранып ап сырттаймын.

Сырт айналсаң,
 Сырқаттанып құлармын
 Маңдайымнан сүйе де алмас мұнар күн
 Сен бір күні
 Гүл ұсынып келмесең,
 Жерді топан суга айналдырармын.

Уақыттың жерде көшкен көші ме ем?!
 Көзімдегі мұңды қалай өшірем?..
 Мөлт-мөлт тамған жасымменен ең соңғы
 Бір көрінсең,
 Бәрін... бәрін... кешірем!



Жанымды ауыртты-ау уақыттың кемсендегені,
Топырақпенен бір уыс көмсем дегені...
Жанынан жалған дүниенің ұрлап алы-дағы,
Сағындым деші... күніге көрсен де мені.

Көздерім көрген аспан да, көл де мұң еді,
Көңілім менің көңліңе шөлдеп тұр еді.
Ауадағы ауыр ойлардай ауырып жүрмін,
Сағындым деген сөзіңмен емдеші мені.

Сағындым деші... түсіңе енсем де бүгін,
Жылы шуағын қырлардың, терсең де гүлін,
Көленкең болып ерсем де, берсең де гүлді,
Жанардан жалын бейнеңді көрсен де, күнім.

Сағындым деші...
Үніңнен ес кірер менде
Мұңлымын айдай,
түніммен көшті десем де,
Сағындым деші,
Ішіңнен,
Түсіңде тағы
Сағындым деші,
Мен мүлде естімесем де...

Осы менің бет-бейнем:
 Қандай жақсы
 Жапырақтай қурап, шөлдеп кетпей мен,
 Жаңбыр асты жылап тұрмын:
 Ұмытқан
 Сізді мүлде түсімде де кешпей тең.

Жүрегіме махаббаттан у толып,
 Ұшпаған соң бу болып,
 Жаңбыр асты жылап тұрмын –
 Сағыныш
 Тал бойымнан ағатындай су болып.

Жаңбыр асты жылап тұрмын
 Бұл жылаған тұсымда:
 Тамшылары бұлттардың
 Билесінші кірпігімнің ұшында.

Аспан – менің шаңырағым,
 Дала – менің төсегім.
 Ешкім өліп сүйе алмаған жүректі
 Сүйші, жаңбыр,
 Мен жолыңа төседім.

Жаңбыр асты жылап тұрмын
 Бұлт жасына малынып,
 Тамшылардан алқа, сырға тағынып
 Жаңбыр асты жылап тұрмын
 Сіз келіп
 Құшасыз ба сағынып?..



Неге екенін сен күлсең күле берем,
Сезім еді, жаным-ау, бұ не деген?!
Күнді сүйіп өзіне қарағанда-ақ,
Түннің кара пердесін түре берем.

Неге екенін жымисаң шалқып кетем,
Осы ма еді кара жер – барқыт деген?!
Мейірімді жанарын,
Мейірлі үнің –
Сенсің алты құрлықтан артық мекен.

Сенсің менің шуағым, қуат күшім,
Саркылмайтын мөп-мөлдір бұлақпысың,
Сен менің мұңымды алып деміңменен
Көкке ұшырып жіберетін сияқтысың.

Жарқырайды сен жүрген жердің бәрі
Ажарымды, аспанды көрдің бе, әні...
Жапырақ сарғаймас та ед, қурамас та ед,
Сен сияқты болса егер елдің бәрі.

Құлазып отыр ескіріп көңілім неге?
 Мен күлген жокпын сенің өмірінде де.
 Мен сені кешіргенмін,
 Білмеген болып
 Өзгені сүйіп құшқан ерініңді де.

Мұнайдым неге жабырқап кеште бүгінгі?
 Жылатып алған сезімді кешпей күнімді
 Мен сені кешіргенмін,
 Естімеген боп
 Өзге жайлы ескіrmес естелігінді.

Көздерім – ащы жасымның бұлағы сынды,
 Кімдер тартып алады қуанышымды...
 Мен оны кешірдім ғой,
 Жұбатшы түн,
 Мені енді
 Жалғзыңды,
 Жылағышыңды.



Өзіңді іздеп ағады жұлдыз жерге
Көктемнен де сұрадым, қыс, күзден де.
Жазды күн жусан иісін жұтып тұрып,
Мені есіңе алдың ба гүлді үзгенде.

Ақша бұлттар толқытып көңілімді,
Кеудемдегі оятса елігімді
Сені ойладым,
Ал сен ше, ойладың ба,
Жаңбыр сүйіп алғанда ерініңді.

Бейнеңді сап айға наз, қылық - құмға,
Кірпігін көтереді үміт мұнда
Көктем сенің шерткенде терезеңді
Мені есіңе алдың ба?
Ұмыттың ба?

Қарашығы көзімнің тұнып мұңға,
Жұбатамын жүректі жуып жырға
Хабарыңды тосамын күннен, түннен
Ұмыттың ба сен мені
Ұмыттың ба?

Түн тербетер алдилеп ай – сұлуын,
Тартады екен жанымды қай жылуын?
Сен де мені тербетші әніңменен,
Өзің келіп тоқтасын қайғыруым.

Жаттатқызып атыңды ай, жылыма
Көңілсіз бе күн кешкем,
Қайғылы ма?
Ұшып кеткен өзіңмен бақыт құсым
Малсын қайта қанатын айдынына.

Жүрегімнің сөздерін қайталайын,
Жанарыңның ішінде жайқалайын.
Сурет салсын жұлдыздар аспанына,
Иығыңда мен сенің жай табайын.



Қолдан ұстап жетектер ме ед мүмкін мұн,
Келе гой деп шақырар ме ед бір күн шын?..
Кірпігімді көтере алмай өтер ме ем,
Сені кездестірмегенде, кім білсін?!

Сені көріп сұлуландым, гүлдендім,
Ғұмырымда осы болды - күлген күн.
Сені көріп - қызыл-жасыл түрге еніп,
Бақыттын да дәмін татып үлгердім.

Сен туралы бүкіл әлем айтады ән,
Болса-дағы мұң – қанатты, қайғы - аман!
Сені көріп өлмесем деп тіледім,
Өмір сүргім келіп кетті қайтадан!

Бұрын қалай тыныстағам сезімсіз,
Бұл дүниені көргем қалай көзіңсіз?
Сені көріп гүлге айналсам әп-сәтте-ақ,
Үгітіліп, қурап қалам өзіңсіз...

Сен менің ауыртпашы жүрегімді,
Жүзім де жүрмесінші түнерулі.
Шық ұя салмасыншы жанарыма
Кетпеші, орындашы тілегімді.

Сынайды сынап уақыт төзімімді
Бейнемнің айнадағы көзі мұңлы
Сөзімді ауа жұтып жеткізбейді
Түсінші, менің тілсіз сезімімді.

Шығарып жағалауға кеме күнді
Толқындар жеткізер ме келеріңді
Қамығып хатым жетпей жүр ме екенмін,
Естіші сағындым ғой дегенімді.

Жылатарыңды білмедім, жұбатпасыңды,
Бір сәуле көзін өмірімнен жырақта ілді.
Кірпіктен сырғып сол бір күз қоныраулатқан
Мөлт етіп тамды моншақтай бұлаққа мұңды.

Толқытарыңды білмедім көңіл шерімді,
Қаладың ба, әлде, қайғы боп төгілгенімді.
Өксіктен Өлең өрермін өкініп кейде,
Күндей боп күлген көріп ең Өмірде кімді?!

Толқындай болып тулармын, қайыңдай шулап
Көкжиегіңе сүрінер ме ем айыңдай құлап.
Көз жасын айдың көрсетпей сағым құшады
Сен құшармысың...
Білмейсің, жайымды-ай бірақ?!

Сүйеніп тұрып сүріндім
 Көкірек керіп жығылдым
 Жаркылдап жүріп тығылдым
 От болып лаулап жылындым
 Көсіле шауып бұрылдым
 Оралды ойға бұрынғым
 Сүйемін дедім суыттым
 Желкілдеп желіп ұрындым.
 ...Кетті, келді,
 Туды, өлді...
 Бір Аллага сыйындым
 Жүрегіме жүгіндім
 Безер едім бес күннен
 Пай-пай, өлең, қиылдым!

••

Жел саған айтпады ма?
Жүрегін мұң сүйді деп
Күн ұзақ елендеумен,
Өлеңмен
Мүлгиді деп.

Күн саған айтпады ма?
Жолына қарайды деп
Өзінсіз құс сайрауын...
Әр сәтін санайды деп.

Су саған айтпады ма?
Қадірінді ұғады деп.
Мекендеп ой - сарайын
Көз жасын жұтады деп.

Түн саған айтпады ма?
Көктемі ұзады деп.
Самалмен бір үп еткен
Күлкісі ұшады деп.

Неге, айтшы, сағынғанда,
Елесің құшады кеп?!...

Маған қарап күлмеші,
 Гүлдесем ше?
 Болса қайтем, ұсынған жыр кесемде.
 Мейірімің жанымды нұрға бөлеп,
 Күн кешуді өзіңсіз білмесем ше?

Жүзіңді өппей жайдары көз ілмесем,
 Күлімдеген күнді де көзің десем
 Көленкемен өзімді шатастырып,
 Кеудеңдегі жүректі сөзім десем.

Сен қайтпексің, болмаса кешім гүлден
 Үгітілсем суықтау шешіміңнен
 Төрт жағынан дүниенің сені көріп,
 Өмірімді атасам есіміңмен.

Жарса барша қауызын гүлдер күнде
 Таныдың ба сен мені,
 Үлгердің бе?
 Күлімдедің көбелек - кірпігіме
 Күн қонды өзіңе ұштым түрлендім де.



Өзінді ойлауды доғара алмаймын,
Бұл кінәм болса кеше гөр!
Демімді де ақтық саған арнаймын,
Беткейге бұлтпен көше бер.

Аспанның үсті – ой-санам шығар,
Аспан астында - мен бармын.
Жер астын – мұңым бойлаған шығар
Жетпегенім боп сен қалдың.

Көшіңе ілесіп кетсең де ұзақ
Дерегіңді айтты бұлт маған
Әйнегіңе жел жеткенде құлап,
Жеткен-ді күткен сыр маған.

Айға қаранып таранғанымда
Түн аспанына сүйсіндің.
Жұлдыз – жібекке оранғанымда
Бір тылсым барын түйсіндің.

Таңда әппақ тағы шыққа бөліндім,
Күн болып ашып көзімді.
Ашық аспан боп жұртқа көріндім,
Сәуле боп сүйіп өзінді.

Өзінді ойлауды доғара алмаймын
Баскаша қайдан келсін ой.
Құрлықты қойып жоғала алмаймын,
Әлем дегенің сенсің гой.

Хатым жүр жаздың гүлінде,
Оки алмадың бірінде...
Өзіңе айтпаған сөзімді
Желге айтып тұрмын бұ күнде.

Еткен бе мұңсыз естіні,
Естімей кетсең, кеш мұны.
Сағындым деген сөзімді
Сарғайған жапырақ естіді.

Түнім-ау, тұнық келдің бе?
Айттың ба сырды, жел, түнге?..
Ұнаттым деген сөзімді
Жұлдызға жаздым көрдің бе?

Бұл уақыт бізге көне ме,
Жаңбыр боп жасын төге ме?
Айта алмай қалған сезімді
Айға айтсам саған жете ме?

Жеткен бе гүлдің батылы
Сөйлеуге саған, жат үні.
Қағазға төктім сырымды
Айта алмай қалып ақыры.



Көзіндегі айға түн болды мендік қарашық
Айға қарадым қалмауым үшін адасып.

Кірпігіндегі жапырақты тұрған ілініп,
Күз болдым көріп қурап қаларын ұмытып.

Қара орман шашың қаралығындай хас түннің,
Жұлдызды сенсіз жастыққа тамар жас қылдым.

Ақ қар боп келіп қара түніңе жауар ма ем,
Аспанға қарап жаным деп берсең маған дем.

Жаңбыр боп тамып жаныңды сүйіп алар ма ем,
Сен сонда мені бақытыңа әппак балар ма ең.

Жаныңа тұнған мейрімділікке құмартқам,
Қараған сайын, күн өткен сайын ұнатқам.

Дүние нұры ашылды сендік үлпілмен,
Жүрегіңе еніп кеткен шығармын мүмкін мен...

Пердесі тереземнің түріледі
 Түніме жұлдыз – сырға ілінеді
 Тыныштық құшақтаған қала ішінде
 Жүрегім сені сүйген бүлінеді.

Жамылған қара шәлі түн ару ма?
 Сүйгенге бұйырары құлазу ма?
 Мен емес, түн де ессіз сүйеді екен,
 Көз жасын жер - құмыраға құлатуда.

Жұбатсам екен қалай қара түнді,
 Жайып кеп жіберер ме ем қанатымды?!
 Ғашығы кім екен ол?
 Хат жазайын
 Білесіз бе сіз сонда баратынды?

Өлең жаздым ұшқанға, жүгіргенге,
 Өлең жаздым тоқтаған, тірілгенге.
 Жұлдыздар би билеп-ақ белгі берер
 Ол хатты ашып оқуға үңілгенде.

Кім қымбатын өзгеге қия көрмек?!
 Үй маңында түн күтіп тұра бермек.
 Орамалды ақ таңдай жауып кеттім
 Аппақ болып алдынан шыға кел деп.

Мұнның жүргім келместен бөктерінде,
Мен өмір сүрсем дедім көздерінде,
Мен өмір сүрсем дедім демінде де,
Мен жүрсем дедім әрбір сөздерінде.

Мен тұрып алсам дедім кесесінде
Кеудемді кертті сезім сезесің бе?
Қызғаныш қаңқылдады қазға айналып,
Шуылдап өлең ұшты төзесің бе?

Мен өсіп кеткім келді шашың болып,
Қатулы қаһарланған қасың болып.
Сағындым өткен күнді дегенінде,
Өткен боп тұрғым келді қасым керіп.

Айтады көздеріңді шырақ деп кім?
Сан мәрте көріне алмай жылап кеттім.
Жанарың – теңізім ғой, айлы түнде
Босатып бұрымымды құлап кеттім.

Сен жүрдің шалқып тасып тілегімде,
Аталды есіміңмен тірегім де.
Жаһанның жарты әлемін саған сыйлап,
Мен өмір сүрсем деймін жүрегінде.

Кімсіз сіз?
 Көктемім бе, күзімсіз бе?
 Сағыныш сайран құрды бұ күн бізде
 Түбінен жүрегімің шыққан дауыс,
 Сезімім гой жете ме үнім сізге.

Отырсам бейнеңізді салып мұңнан,
 Дергімнен сәлеміңіз сауықтырған,
 Жанарым ауырады көрмей қалсам,
 Жаңбырсыз ба жанымнан жауып тұрған.

Құспысыз лезде жоқ боп қанат қаққан,
 Түспісіз таны гүлмен гажап атқан.
 Әлде сіз қиялысыз бір арудың
 Бұрымын түн кеп өріп тарап жатқан.

Неліктен жоғалтамын?
 Сағымбысыз?
 Өртейсіз көрінсеңіз жалынбысыз?
 Жадырап жүрген едім, жоқ болдыңыз,
 Қайтарып беріңізші жазымды сіз.

Иығыңа үздіккен тамшылардан
Көзің жасы тым ащы кермек дейсін,
Ерін сөйлеу керекке кім құп алған?
Сағынғанын жас айтар, сөйлеткейсін.

Тал бойымда деміңнің иісі қалып,
Есіміңді жүрегім егеленді.
Саған барар жол жоқ боп, күй шығарып,
Кірпіктерім көктемін төге берді.

Өлеңім де айта алмас мендік халді
Қолын көкке көтерсе, жоқтап талдар.
Махаббатты жырласын шертіп жанды,
Көзім жасы сөйлесін, тоқтатпаңдар!

Гүлдер менің үйіме көше ме ертең?
 Махаббаттың демі аңқып көшелерден.
 Балқонымның түбінен күй ойнатып,
 Бақытымды ертемен еселер ме ең?!

Ару қыз боп сыланса той алаңы
 Үйлер өлең жазумен оянады
 Мереке деп қылтиған шөптің басы,
 Қызғалдақтар далаппен боянады.

Сыбызғы үндей самалдың ырғағында,
 Билегісі келгендей сырғамның да.
 Бір шок гүлмен қолыңда есік қақсаң,
 Өлеңімді аяқтап тұрғанымда.

**

Жаңбырлы шак жалындап мен келемін,
Тағдыр құсап сені іздеп сенделемін.
Қандай жақсы сен жайлы өлең жазып,
Өлеңімнің ішінде өлмегенім.

Жүйткіді уақытпен нән көліктер,
Жаңбыр құсап жалғыз-ақ жан төгіп көр.
Тармағында өлеңнің ән саламын,
Тамшылармен сен-дағы ән салып көр.

Қолшатырсыз адамдар, қала, көпір
Тамшылардай секіреді бала көңіл.
Сеніп қойып отырсам сен келер деп,
Аялдама... балшығын шашады өмір.

Тағы да көріп тұрмын сізді,
 Кімсіз?
 Қарайсыз өртке оранып...
 үздігіңіз
 Шақ қалған жарылуға жүрегімде
 Жүздіңіз жанды билеп жүз күліп сіз.

Айырмай жаныңызды алға аттамай,
 Тұрсыз гой сыр білдірмей, шалқақтамай.
 Қанатым байланып тұр қолыңызға
 Кетемін көгіме ұшып самғап қалай?!

Тіл қатар көкіректер үнсіз бірақ,
 Көрініп күндер күнсыз сізсіз жырақ.
 Кетерсіз ауыртады қолдарымды
 Сіз маған сыйламаған гүл сызғылап.

Көзіме мөлдір моншақ тізілмейтін,
 Қараша жапырағындай үзілмейтін...
 Кетерсіз халде қалам амал нешік
 Сіз түгіл өзімді өзім түсінбейтін.



Бір күн өтті қоштасып көз алдымда
Сенсіз күйге көндім бе?
Төзе алдым ба?
Жұлдыз тұрды бөленіп тозаң-мұңға,
Алыстан-ақ айтарын сезе алдым ба?
Сыр ұрлады ақ гүлдер терезеден,
Енді қашан өзіңді көреді екем?
Бас тарттым дырдуы көп мерекеден
Қаша алмай сені күткен пешенеден
Күлімдеді өткенім қасымдағы,
Қағып көрдім есігін ашылмады
Түске сінді қара түн шашымдағы,
Қаламымның өксігі басылмады.

ШЫҚ

Тамыз желі жұлдыздарды қуады, ә?
Ай бұтаққа жасырынған түн анау,
Екі қолы, екі аяғы салбырап,
Жарық жұлдыз құлап еді,
Жапырақ тосып алды қуана.
Жұлдыз қашты ақ арбалы атты айдап,
Күн оянды күллі әлемге айқайлап...
Күн кекілді түспесін деп көзіме
Жапырақтан сырғып ем,
Жүріп кеттім тәй-тәйлап...

МАЗМУНЫ

Жұлдыздың жібек жырлары.....	4
Аллаға мадақ.....	8
Жаз.....	14
Үшарал.....	16
Шілде.....	21
Тараз.....	34
Жаңбыр қызы.....	38
Бакбак гүлі.....	39
Вальс.....	44
Ауыл әйелдеріне.....	57
Хас Батыр Әбдір Сағынтаевқа.....	59
Әкешім.....	61
Сегізінші наурыз.....	62

Анага дұға.....	63
Ұстаз <i>Сәти Сайлыбаевқа</i>	65
Сағыныш <i>Сіңлім Іңкәр Асқарқызына!</i>	66
Жоктау.....	67
Күз.....	69
Жапырақ тілі.....	77
Қыс.....	92
Көктем.....	106
Жарыма.....	109
Шық.....	151
Өмірбаян.....	154

ӨМІРБАЯН

Бейсек Жұлдыз Асқарқызы 1987 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. ТарМПИ-ның «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәртіпкер. Гуманитарлық ғылымдардың магистрі. Жамбыл облыстық «Ар-Ай» жастар газетінде журналист, Астана қаласындағы Президенттік Мәдениет орталығындағы кітапханада кітапханашы, «Мәдени мұра» журналында редактор, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы «Көтерілген тың» аудандық газетінде тілші, Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы «Қоғамдық келісім» КММ-сінде ақпараттық-ресурстық бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған.

Өлеңдері халықаралық және республикалық баспасөз беттерінде жарияланып келеді. Халықаралық «Шабдыт» шығармашыл жастар фестивалінің дипломанты. Республикалық Ахыт Үрімжіұлы атындағы жазба ақындар жыр мұшәйрасының II орын иегері. 2017 жылы өткен Астана рухани жастарының «Еңселі елім, байтағым» байқауының «Үздік поэзия»

номінациясы бойынша жеңімпазы. Өлеңдері республикалық «Жас толқын», «Алтын тұғыр» және облыстық «Тараздың жас таланттары», «Алтын бесік», «Жақсы жыр іздеп шөлдеймін...», «Өрімтал» атты ұжымдық жинақтарға енген. Сондай-ақ, өлеңдері әзірбайжан және испан, түрік тілдеріне аударылған.

Жұлдыз БЕЙСЕК
Іңкәр-Ғазал

Өлеңдер жинағы
(Қазақ тілінде)

Редакторы Құралай Омар
Корректоры Айниса Серікқызы
Көркемдеуші редактор Алмас Сырғабаев
Компьютерде беттеген Гүлнұр Дәуітбекқызы

Пішімі 70x90 ¹/₃₂. Қағаз офсеттік.
Офсеттік басылым. Баспа табағы 9,5
Таралымы: 2000 дана.

«Qalamger.kz» баспасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Манас көшесі 20/2
Байланыс номері: 8775 392 90 91



ISBN 978-601-06-6284-1



9 786010 662841

QALANGER.KZ